

П И О Н Е Р




ДЕКАБРЬ

1953 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 12

Бейбітшілік сақталады

Сөзін жазған *Н. Шакенов* Музыкасын жазған *А. Еспаев*



Әлем сүйген салтымыз бар
Бейбітшілің ел ұраны,
Өмір сүйген халқымыз бар
Бейбіт елдің біз ұраны.

Қайырмасы:

Халықтар өмірді қорғайды,
Әділет ұранын қолдайды.
Кел, достар, шырқандар әр елде,
Бейбіт күн жасасын әлемде!

Қорғау үшін өмір көркін
Бүгіннен де ертең нұрлы,
Болдырмаймыз соғыс өртін,
Достар берік сапқа тұрды.

Қайырмасы:

Ұранымыз әлемге анық,
Әр жүректе жатталады:
Қолға алған соң барлық халық
Бейбітшілік сақталады.

Қайырмасы:

Марш екпінмен

Ә-лем сүй - ген сал-ты-мыз бар -

Бей-біт-ші - лік ел ұ-ра - ны

Ө - мір сүй - ген хал-қы-мыз бар

Бей-біт ел - дің біз ұ - ла - ны

Қайырмасы:

Хал-ық - тар ө - мір - ді қор - ғай - ды,

Ә - ді - лет ұ - ра - нын қол - дай - ды,

Кел, дос-тар, шыр-қақ-дар әр ел

де, Бей-біт күн жа-са-сын, ә - злем де!

Кел, дос-тар, шыр-қақ-дар әр ел -

де Бей-біт күн жа-са-сын ә - дем -

де


Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
пионерлер мен мектеп оқушыларына
арналған әдеби-көркем және
публицистикалық журналы

ДЕКАБРЬ

1953 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 15 жыл.



Колхоз дәулеті

Очерк

АЛҒАШҚЫ ӘСЕР

Тақтайдай тас жолмен зымырап келе жатқан машина қалың ауылдың көшесіне келіп кірді. Бұйра жапырақты бәйтерекке бөленген, төбелері шипрмен жабылған әсем ақ үйлер. Көше бойы көп сым ілінген биік бағаналар. Ауылға кіре берісте ұзыннан-ұзақ салынған қала үйіне ұқсас бір үлкен құрылыстың қасынан өттік. Біз осы араға жеткенде бұл қай ауыл? — деп сұрадық. Біздің қасымыздағы жігіт бұл Талдықорған ауданы Сталин атындағы колхоздың орталығы екендігін айтты.

Биік шарбақты сырланған қоршаудың қақпасынан кіргенімізде, әшекейленіп жасалған көрменің қабырғасына ілінген көп сурет көзге түсті. Үлкен қалалардың өзінде осындай құрмет тақтасын көріп жүріп, мұндай мазмұны бай суреттерді сирек кездестіретінбіз. Мұнда жоғарғы қатарда отырған он бес адамның барлығының да омырауында Ленин ордені мен Алтын жұлдыз медалі жарқырайды. Бұлардың

қасына бөгелмей өте алмайсың. Бірінен соң бірінің беттеріне қарап тұрмыз. Бейне бір жүз көрісіп амандасып, сөйлесіп тұрғандаймыз. Бұлардың есімдері бүкіл Жетісу өлкесіне, бүкіл Қазақстанға әйгілі. Көпшілігі—біздің сырттай таныйтын адамдарымыз.

Бұл колхоз басқармасының үйі екен. Осы колхоздың мәдениет орталығы тәрізді. Екі гектарға жуық ағаш егілген демалыс мәдениет паркі, колхоздың клубы, радиоторабы, телефон коммутаторы, колхоздың қонақ үйі барлығы осы үлкен ауланың ішінде.

Осы алғашқы әсердің өзі-ақ бізге мәдениеті өскен, дәулетті колхозды елестеткен еді.

ӨНДІРІСТЕГІ ӨНЕМГЕЛЕР

Ауылға келгенімізге екі-үш күн болып қалғанды. Колхоздың өндіріс орындары армансыз аралап жүрміз. Нелер тағайып тамаша жаңалықтарды да естідік. Социалистік Еңбек Ерлерімен де әңгімелестік. Олар да өздерінің тәжірибесін ортаға салуды, өз білгендерін бас-

каларға үйретуді машықтап алыпты. Өз ауылының адамдары былай тұрсын, басқа аудандармен облыстардың колхозшыларына тәжірибесін үйретеді екен. Социалистік Еңбек Ері Ақық Нұрмамбетов осы жуықта Жамбыл облысының колхоздарына барып, қант қызылшасын өсіру тәжірибесі жөнінде өзінің әңгіме-лекциясын өткізіп қайтыпты.

Қарт колхозшының қызылша егісінде ондаған жылдар бойы істегенде тапқан жаңалықтары мен мол өнім алудағы әдістерін республиканың колхоздарына тарату мақсатымен Қазақстан Мемлекет баспасы бйыыл оның кітабын шығаруды жоспарлапты.

Жуықта Ақық ақсақал Қазақ ССР ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен Мемлекет баспасынан хат алыпты. Қазір кітапшасын жазу даярлығына кірісіп, материалдарын жыйнастырып жатқан көрінеді. Колхозшы қарт бұл еңбегінде қызылша егісінің өнімін арттырудағы өзінің он жылдық тәжірибесін ортаға салмақшы.

Бұл колхоздың қызылшашыларының тәжірибесін үйрену, олардың жұмыс әдістерін көру үшін шетел адамдары да талай рет келіпті. Өткен жылдары осы колхозда Қытай халық республикасының және Венгрия халық республикасының дихан шаруалар делегациясы болыпты. Олар өздерінің тәжірибесін айтып болып, бұлардың сөзін тыңдапты. Социалистік Еңбек Ерлері Ақық Нұрмамбетов, Саумал Ноғайбаева, Сара Әлімбаева, Базарбай Асанбаевтар қызылша егісінің жерін көктемге қалай әзірлеп, қызылша тұқымын қалай сеуіп, жаз бойы егісті қалай суарып, қалайша күткендіктерін айтқанда:

— Міне, тәжірибенің агрономдары. Сіздердің бұл өндірістік өнегелеріңізді, өз еліміздің шаруаларына айтып барамыз. Бұл көрсеткен құрметтеріңізге рахмет,— деп олар Еңбек Ерлерінің қолдарын қысып қошеметтепті. Қонақтар жүрерінде өздерінің колхоздан алған жақсы әсерін колхозға келушілердің жазу кітапшасына жазып қалдырыпты.

ЕҢБЕК МӘДЕНИЕТІ

Осы ауылдың тұрмыс мәдениетінің өсуімен қатар, еңбек мәдениеті де техникаға арқа сүйеп шарықтап өсе бастапты. Колхозда электр станциясы салынғаннан бері колхозшылар электр қуатының игілігіне ие болды. Электр шамның жарығы, электрмен тамақ пісіру, киім өтектеу, электр қуатымен сыйыр сауу, қой қырку бұл ауылдың әдетіне айналып алған. Механизм күші колхоздың еңбек мәдениетін көтеріп, өнімді жұмыс істеуге жағдай жасаған.

Мал қоралар мен колхоз басқармасының кеңсесі, мәдени мекемелері, әрбір колхоз қызметкерінің үйі бірі мен бірі телефон арқылы сөйлеседі. Колхоздың өз коммутаторы бар. Мұнда 1700 точкалық 500 ваттық радиоторабы орнатылғалы да бірнеше жыл болған. Әрбір колхозшының үйінен бастап, көшелерге, қораларға, құрылыстарға дейін радио орнатылған. Радио торабы күндіз-түні бірдей істеп, Москваның музыкасы бұл ауылдың алаңын жаңғыртып тұрады.

Мынау колхоз мастерскойы. Оның ауласының кеңдігі шаршы километрдей. Ағаш кесіп, тақтай тіліп жатқан аралардың даусы естіледі. Ағаш ұсталары тұрған үлкен үйдің екі жақ қабырғасында шеберлердің біреуі сүргілеп, біреуі кашаулап, біреуі есік, біреуі терезе рамасын жасап жатыр. Мұнда шкаф, гардероб, тумбочка, стол, орындық, табуретка — барлығы да жасалады екен.

Ұсталардың барлығы осы колхоздың өз адамдары. Бұлар аудандағы немесе қаладағы артельдерге барып шеберлікті үйреніп қайтқан. Колхозшылардың жаңадан салатын үйлерінің есік, терезесін осы жерде істейді. Өз колхозының жұмысын бітірсе, басқа жұрттан заказ алады. Мұндағы еңбектің де барлығы механикаланған.

Жуан бөрнеден тақтай тіліп жатқан жердің іші де думан. Жалпақ қалың қайысқа



Колхоз телефон торабы. Телефоншы Даниyarова Қаншай.

Суретті түсірген **А. Бахвалов**

193519

ілінген үлкен доңғалақ дамыл таппай зырылдап, сол арадағы жүруге тиісті тетіктің бәрін қозғалтып, болат жүзді ара жуан дөңбекті тілгілейді. Тілінген тақтай төбе болып үйілген.

Оған жалғас темір ұсталарының мастерскойы екен. Үйдеген көріктер қып-қызыл боп балқытқан темірді ұсталардың қысқашы тістеп алып үлкен төстерге салып қойып, ауыр балғамен де, жеңіл балғамен де күлаштап ұрып нанша илеп соғып жатыр.

Көрік те электрмен басылады. Бір темір тұтқаны әрі қарай итеріп қойса, жанып тұрған от пысылдап өше қалады, ол тұтқаны тартса от қайта жанғанды.

Ұста мастерскойының ішінде жөнделіп жатқан арба, жаңадан істеліп жатқан бричка доңғалақтары, есіктің топсасы, қақпаның тұтқасы, машиналардың кейбір бөліктері. Сол ұсталар үйінің қасында колхоздың арбаға жеккен екі торы атын таралатын жатқан колхозшылар да жүр. Таастақ жерде көп жүрген ат тұяғы тасырқап ақсап қалған.

Осы үлкен ауданың екінші жақ шетінде кең есіктері бар биік үй тұр. Бұл колхоздың бығыл салдырған машиналар гаражы. Асты цементтеліп, төбесі қаңылтырмен жабылып, техникалық жағдайы талапқа сай салынып болған бір күрделі құрылыс екен.

Машина тұратын жерге таяу болсын деп осы арадан 50 метрдей аулағырақ жерден мұнай складын салған. Сырттан цистернамен әкелінген бензин түтік арқылы төмендегі үлкен темір баққа құйылады. Қазір колхозда 10 машина бар, келесі жылы жыйырма болады. Бұл құрылыстың барлығы да алдағы жоспарды көздеп салынып жатқан көрінеді.

Колхоз председателі, Казак ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері Алдабергенов Нұрмолда жолдас соңғы жылдары бірсыпыра жерді аралап қайтыпты. Москва облысының колхоздарында, РСФСР-дың басқа да көптеген облыстарының колхоздарын көріп келіпті. Румыния халық республикасына да барып қайтқан. Ол ауылдық жерде істеуге болатын жақсы нәрселерден көргендерінің бір талайын өз колхозына жасау ниетінде екен. Шаруашылық саласын түгел механикаландырмайынша, еңбек өнімін арттыруға болмайты-



Колхоз клубында.

Суретті түсірген А. Бахвалов

ның түсінген председатель жолшыбай Ленинградтан 150 киловаттық қос турбиналы электростанциясын барлық жабдығымен 176 мың сомға сатып алып, қазір ауылға әкеліп те қойған. Көп кешікпей колхоз бұл станцияны салып алмақшы. Сонда бұл колхоздың барлық өндірісі, қора-қопсысы, үй шаруашылығы тегіс электрленіп бітеді. Сонда бұл колхоздың мүшелері ұлы Лениннің: «Коммунизм дегеніміз совет өкметі және бүкіл елді электрлендіру» деген данышпандық сөзінің толық жүзеге асқандығын өз көздерімен көреді.

ЖАҢА ҮЙДІҢ ИЕСІ

Колхоз іріленгенде қосылған бұрынғы «Жаналық» колхозының орталығы бұл арадан екі километрдей жерде. Қазір мұнда осы колхоздың бір бригадасы, бастауыш мектеп, балалар ясли, колхоз клубының біреуі, мал дәртгерлік участогі, мал базаларының біреуі бар. Колхоз электр станциясынан линия әкелініп, телефон сымы, радио сымдары жүргізілген.

Орталық көше бойында салынып біткен жаңа үйдің қасына бір топ адам жыйналды. Бұлар салынып болған үйді көруге келгендер. Бұл үйді салдырған Социалистік Еңбек Ері осы ауылдың колхозшы қарты — Ақық Нұрмамбетов. Осы үйге қатарлас төбесі балшықпен сыланған кішірек үйден шығып Ақаң да тұрғандармен амандасты. Ақаң бұларды өзі бастап үйінің ішіне алып кірді. Үш бөлмелі, ауыз үйі мен төрт бөлмесі бар, асты-үстін тақтайлап, шатырын шипрмен жауып, ішін сылап,

пешін салып болған екен. Үйдің еңсесі биік, есік терезесі жаңа, іші аппақ саңғырап тұр.

— Үйіңіз құтты болсын, жақсылап салынған екен!

— Айтқандарың келсін, шырақтарым, бірақ, бұл үйдің иесі үйде отыр, құтты болсындарыңды өзіңе айтарсындар,— деді ол күлімсіреп.

Үйге кіргенде:

— Кішкентайыңыз қалай, күле ме? — деп сұрады жеңгейден қонақтың бірі.

— Күледі, уілдейді, талпынып бір орында отырмайды, осы күнде нағыз мазасыз кезі ғой, — деді шамасы алты айлық баланы көтеріп тұрған әйел.

Жаңағы, үй иесі үйде деп тұрғаны сол екен. Қолхоздың бесжылдық, онжылдық жоспарлар жасап, жұмыс істеп жатқанын білетін Ақан да өз семьясының болашақ жоспарын жасапты. Быйылдан соң үй іргесіндегі жерге алма, алмұрт бағын, жидек жемістерін екпекші. Баласы Құмарына арнап тауық, қаз асырамақшы. Үйде радиосы бар екен, жаңа үйге кірісімен телефон орнаттырып, радиоприемник алмақшы. Өзінің жұмыс тәжірибесі туралы жазатын кітабын да осы үйге кірген соң бітірмекші. Быйыл үй салған жалғыз Ақан емес, осы ауылдың 69 қолхозшысы жаңа үйге кіреді.

Осы кезде радиодан «Жетісу» әні құлаққа шалынды. Ән бұл өлкенің байлығын мадақтап жатты. Мақтаса, мақтағандай! Жетісу адамға да сондай әсерлі, малға да сондай жайлы береке дарыған өлке ғой. Мұнда салыпбайтын егіс, шықпайтын өсімдік бар ма? Бұл талай дүниежүзілік рекордтар берген өлке емес пе?!

БОЛАШАҚ ТУРАЛЫ ӘЦГІМЕ

Бәйімбетов Жаманқұл қарттың қолхоз қойын баққанына жыйырма жылдан асқан. Ол— төлін аман сақтап жыл сайын қосымша еңбек алып келе жатқан таңдаулы шопандардың бірі. Осы қолхоздың 18 мың қойын Жәкеннің өзі өсіріп баулыған шопандары бағады. Жәкен қойдың өрісін таңдау, қой суару, жусату, өргізу әдістерін осы адамдарға өзі үйретіп, арнаулы күрстен өткізгендей даярлаған. Осы жуықта қойшылар арасында әңгіме өткізіп, Совет Одағы Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті Пленумының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете беру жөніндегі қаулысын талқылағанда да Жәкен өзі сөйлеп, қой жүнінің өнімі неліктен аз болып отырғандығын айтып, қолхоз басшыларын қатты сынаған. Өнімді мол алу үшін керекті шарт — қойдың күтімін жақсартып, жемшөпті, құнарлы азықты мол беру керектігін айтқан. Тәжірибелі шопанның сөзі мал күтімін міндетке сәйкес, ғылым жолымен жүргізу жөніндегі ережелерге дәл келеді.

Мұндай жыйылыс барлық мал бригадаларында өткізіліпті. Бұл қолхоз сыйыр малының тұқымын алатау тұқымымен, қойды меринос тұқымымен, жылқыны акалтеке және Орлов тұқымымен асылдандырып пленум қаулысындағы талапқа сай өсіруді міндетіне алған.

Қолхоз мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығы да бірдей өркендетіп отыр. Быйыл екі мың гектар дәнді егіс, 350 гектар қант қызылшасын, 600 гектар шөптанапты егіс салынған. Қолхоздың егіс даласында быйыл 18 трактор, 5 комбайн, 4 кең алымды шөп машина, 4



Отряд советінің жаңа жылға дайындалуға арналған мәжілісі. Мәжілі степионерлерге тапсырмалар белгіленді.

Алматы, 12-мектеп.
Суретті түсірген

П. Редько



қызылша қазғыш машина жұмыс істеген. Колхоз мемлекетке бересі астығын августың 13 де бітіріп, камбасын астыққа толтырып қойыпты. Енбеккүн үшін колхозшыларға мыңдаған центнер астық аванс берілген. Колхоз бай, быйылғы табысын ақшаға шаққанда 4 миллион сом болады. Алдағы бесжылдықта 7—8 миллион болмақшы.

Біз қызылша бригадаларына барып келе жатқанда колхоз басқармасы үйінің қасында орта мектеп оқушылары жыйналыпты. Оларды колхоздың осы арадағы мәдениет мекемелеріне экскурсия жасатуға мұғалімі ертіп алып келген екен. Бұлар қалың полотноға түрлі бояумен салынып ілінген үлкен картаның қасында тұр. Бұл карта бетінен осы колхоздың ертеңгі болашағын көруге болады. Лекция оқып тұрған осы колхоздың председателі Алдабергенев жолдас. Қолындағы көрсеткіш таяғын картаның жоғарғы жағына апарып:

— Мынау қарлы адыр — Лабашы тауының биігі. Мына жатқан жасыл алап — біздің колхоздың егістік жерлері. Алдағы бесжылда екі ауылдың арасы қосылып, 600 дей стандартты жаңа үйлер салынады. Көшенің екі жағына дәл осындай етіліп бәйтеректер егіледі, арықтар жүргізіледі. Әрбір колхозшы үйінің іргесінде алма бағы, жеміс, жидек, өсімдіктері болады. Мына көшенің алапында магазин, дәрігерлік пункт, балалар ясли, колхоз музейі салынады. Мынау арада колхоз-

дың 3—4 мың адам сыятын стадионы болады, ол сәнді болуы үшін жағалауына ағаш егеміз. Анау екі гектарлық бақ—колхоздың мәдениет және демалыс паркі. Ауылдың өзен жақ шетіндегі ағаш арасында колхоздың демалыс үйі, мына арада балалар лагері болады. Ал, өзеннің мынау арасындағы көкшіл белгі тұрған жерге колхоздың демалыс үйінде тынығушылар суға түсіп шомылатын көл жасалады. Мына нүкте — қос трубиналы 150 киловаттық колхоздың жаңа электр станциясы салынатын жер. Мал шаруашылығы мен егін шаруашылығындағы еңбектердің бәрі механикаландырылды. Егіс өнімі екі есе артады. Енді бес-он жылда өздерің де орта мектептен кейін жоғары дәрежелі оқу орнын бітіріп бірің дәрігер, бірің мұғалім, бірің агроном, бірің инженер болып қайтасындар. Сонда біздің колхоздың өз интеллигенциясы көбейіп, барлық жұмысты ғылым-техника жолымен істейтін боламыз.

Мұны айтқанда балалар жымыңдасып біріне бірі қарасты да оған: — Бұл ауылда жаңадан орта мектеп салына ма? — деп сұрады.

Председатель бұл сұрауға, екі этажды орта мектеп салу ісі жоспарланып отырғанын және екі бастауыш мектеп салынатынын айтып жауап қайтарды.

Сөйтіп, колхоз председателі балаларға өз ауылының болашақ сыйпаты туралы әңгіме лекциясын осылайша аяқтады.

К. Сүлейменов

Талдықорған ауданы Сталин атындағы колхоз

Жаңа бесжылдық техникасы

Жаңа автомобиль

Қатты жаңбырдап кейін тұрған қақтар әлі құрғап бітпесе де, дала жолында бір автомобиль еркін ағып келеді.


Машинаның сыртқы пішіні де, жүрісі де өзгеше сыяқты.

Бұл — Молотов атындағы Горький автозаводы шығарған «ГАЗ-69» деген жаңа машина.

Жаңа машина негізінен ауышаруашылығы аудандарына арналған. «ГАЗ-69» — қуатты машина. Оның күші «Победа» машинасымен бірдей — 55 аттың күші бар. Сағатына 90 километрге дейін жүре алады. Жаңар майды аз жағады. «ГАЗ-69» 100 километр жүру үшін жақсы жолда небары 16 литр бензин жұмсайды. «ГАЗ-69»-дың төрт дөңгелегі де моторға жалғанған.

«ГАЗ-69» автомобилі екі түрлі. Бірі — бес орынды, тек жолаушылар тасуға ғана арналған. Екіншісі — лшық арба тәріздес. Соңғысына 8 адам сия алады. Бұл түрі, көбінесе жүк тасуға ыңғайлы, адамдар отырмаса, жарты тоннаға дейін жүк алып жүре алады.

«ГАЗ-69» автомобилінің тағы бір артықшылығы: оның



екі түрі де 800 килограмдық жүгі бар прицеп тіркей алады.

Бұл машина тауу күндерде колхоз-совхоздарға көптеп жіберілетін болады.

Екі дос

Суреттерін салған Н. Лебедев



Әңгіме

— Папа, мен бүгін де екі «бестік» алдым. Біреуін арифметикадан, біреуін орыс тілінен, — деп Коля жұмыстан қайтқан әкесін қуана қарсы алды.

— Жарайсың, ұлым, жарайсың! — Виктор Михайлович күректей үлкен қолымен Коляны басынан сыйлап тұрды да, — балам, менің де қуанышты жаңалығым бар. Ауылға қызметке баратын болдым, — деді.

— Ауылға дейсіз бе? Не қызметке?

— МТС-ке агроном болып баратын болдым.

— Бәріміз көшеміз бе?

— Әрине, көшеміз. Мен уақытша қызметке бара жатқан жоқпын ғой. Екіншіден, сендерсіз қалай жүрмекпін. Сағынбаймын ба?

— Қашан көшеміз, бүгін бе?

— Осы екі-үш күннің ішінде көшеміз. Оған шейін алаң болмай сабағыңды оқый бер.

Коля сәл ойланып тұрып қалды да:

— Қолыңды жуып, тамағыңды іш, — деген шешесіне:

— Қазір келемін, маматай, — деп қақпадан шыға жөнелді.

Бұл жаңалық хабарды ол галстуктің түйініндей айрылмас тату досы, өзімен бірге оқый-

тын, отряд советінің председателі Қайратқа тезірек жеткізуге асыққан еді.

Қайрат пен Коляны мұғалімдер «егіз қозы» деп атайтын. Өйткені, бұл екеуі қайда көрсең де жұбын жазбай, бірге жүреді. Екеуінің ата-аналары осы Алматыда көптен бері көрші тұрып келеді де, бұл екеуі бірін бірі жергектен біледі. Иә, олай деуімнің себебі бар. Қайраттың әжесі Торғын ұшпақы, сондай бір балажан, ізгі адам еді. Кейде Коляның аиясы үй шаруасымен қарбаласып, жас баласы бөгет болып, жылап жатса:

— Настяжан, мына шегір тентекті маған берші. Жарық дүниемен таныстырып, біраз серуендетіп келейін. Сонда уанар, — деп Коляны Қайраттың кішкентай арбасына онымен бетпе-бет отырғызып, сүйреп ала жөнелетін. Сонда Коля жылағанын дереу қойып, Қайратқа қарап, әу-бәу, әу-әу-әу деп, мағиасыз сәби тілімен жадырап сөйлей бастайтын...

Ал, кейін есейе келе Қайрат пен Коля балалар бакшасында да бірге тәрбиеленді. Онан соң оқуға да бірге түсті. Қазір екеуі де бесіншіде үздік оқыйды, ең алда бір партада отырады.

— Қайрат, білессің бе, — деді Коля оны терезеден дауыстап сыртқа шақырып алып, — біз ауылға көшетін болдық. Папам сонда МТС-ке агроном болып барады.

Қайрат ұртын толтыра шайнай шыққан асын қылығын жұтты да:

— Сен де кетесің бе? — деп сұрады.

— Әрине, кетемін. Папам бәрімізді әкетемін дейді.

— Жо, жо, ... сен қалай кетпексің? Кете алмайсың. Ойласаншы өзін...

Қайрат Коляның ауылға кете алмайтын себебін саусағымен санап тұрып, баса-баса айтып берді...

* * *

Қастарына келген Виктор Михайловичті Коля мен Қайрат аңдамай да қалды.

— Бұ не «егіз қозы»? Бастарың салбырап кетіпті ғой, не болған?

Екі дос та үнсіз тұр. Шынында да, бұлардың жүздері әрі ойлы, әрі кірбің еді.

Виктор Михайлович ұлының иегінен көтерді.

— Неге жабырқан тұрсыңдар, ә? Әлде біреуден таяқ жеп қалдыңдар ма?

Қоля әкесіне мұңлы көзбен қарады да.

— Папа, білесіз бе, ауылға көнпейікші, осы қызметіңізде істей беріңізші. Өйткені маған кетуге болмайды, папатай. Тіпті де болмайды. Біз Қайрат екеуміз бағанадан бері соны сөйлестік,— деді қыялы.


— Иә, Виктор Михайлович, Қоляға кетуге болмайды,— деп қоштады Қайрат.— Ол біздің отряд советінің мүшесі. Оған біз физкультура жұмысын тапсырдық. Өйткені, ол отрядтағы ең үздік спортшы, шаңғымен жүруден және жүз метрге жүгіруден дружина чемпионы. Ал, бізде жақында бүкіл мектептік спартакиада басталады. Біз былтыр мектеп кубогін жеңіп алғанбыз. Быйыл сол кубоктен айрылып қалмауға отряд советінің барлық мүшесі уәде беріп, серт еттік. Ал, енді Қоля кететін болса...

Қайрат пен Қоля өгішісті көзбен Виктор Михайловичке сұрана қарап қалды. Сонау кішкентайларынан бірге өсіп келе жатқан екі достың кеуделерінде бірін бірі қыямастық сезімі де лапылдап тұр еді.

Виктор Михайлович езу тартып, басын шайқады да, күле сөйледі.

— Не, екеуің соған мәліп тұрсыңдар ма? Жарамайды, достарым, жарамайды. Біріншіден, отрядтың жарыста озып шығуы бір адамның қаблетіне ғана байланысты деп қарауларың дұрыс емес. Бәрің де физкультурашы болуларың керек. Сонда араларыңнан Қолядан басқа да талай чемпион шығады. Отряд намысын бәрің жұмыла қорғасаңдар ғана кубок сендердікі болады. Екіншіден, өздерің ойлан-даршы: қазір партия мамандарды колхозға барып істеуге шақырып отырғанда, мен агроном бола тұрып, үн қоспай қалуым жарай ма? Партия шақыруынан үлкен не бар о?

Әке жауабы осымен бітті. Екі дос енді қайтып оған бір ауыз да қарсы сөз айтқан жоқ. Еңселері көтеріліп, біріне бірі күлімсірей қарады. Қабақтары жадырап сала берді. «Партия



Біздің Үсен ұқыпты-ақ ісіне,
Пысық, алғыр... әм жайдары кісіге,
«Р» орнына «И» ды айтса да ескермей
Қалушы едік сөзіне тез түсіне.

Бір күні ол әкесімен асығып,
Ерте кетті аяқтарын басып тық,



шақыруы» деген сөз көңіл кірбіңін мұнтаздай етіп тазартып кетті. Иә, одан үлкен ешнәрсе жоқ. Екі дос енді: «Бар әке, партия шақырып отырғанда бөгелме, тезірек бар, оған біз де қуаныштымыз» дегенді жайдары жүздерімен айтып тұрғандай болды.

... Екі күннен кейін Виктор Михайловичтің семьясы машинамен алыс ауданға көшті. Жолдас-жоралары, көршілері ең жақсы тілектерін білдіріп, қуанышпен шығарып салды. Шығарып салушылардың ішінде Қайрат та бар еді.

Қоля оған:

— Үзбей хат жазысып тұрайық. Мен ондағының бәрін бара салып, толық етіп жазып жіберемін. Ал, ендігі жылы каникульде келемін, қайтсем де келемін,— деді.

— Жоқ, Қолечка, сен келмей-ақ қой, жазғы демалыста мен барайын. Колхозға көмектесейік. Партия үндеуіне біз де үн қосайық,— деді Қайрат.

Үсеннің тілі

Бардыдағы дүкенінен колхоздың,
Алды сатып бір трактор-ойыншық.

Бұл ойыншық үнсіз өзі жүретін.
Трактордың даусын Үсен білетін.
Жер жыртан деп моторша ол тыр-тырлап,
«И» дая «Р» ға болды тілі келетін.

Тұран Айдаров

ЖЕЧМБАҚ ТАУ

М. Зверев



Алматы Пионерлер Сарайынан аттанған үлкен жүк машинасы қаланың шетіне шықты. Он екі жас натуралист туған өлкені зерттеуге келеді.

Іле тас жолымен аққап машинаның алдынан алыстағы көкжиектен ағарандап Алатау көзге шалынды.

Іле өзенінің оң жағы табанынды күйдіретін күйік қызыл құм. Шофер кеспектен машинаға су құймақ болып, тоқтатып еді, балалар автомобильден секіріп-секіріп түсті де, жорық жетекшісін қоршап алды. Жетекші балаларды табиғатпен таныстыра бастады.

— Шөл даланың дауылға бергісіз қатты желі жылжымайтын тастардың үстімен ұсақ құмды сырғытады да жатады. Желдің және күн көзінің сан ғасырлық жұмысы салдарынан тастардың үсті күрең тартады, яғни «шөлдің күніне» күйеді. Тастың ұсақ бөлшектері жаңбырдың, қардың суымен аударылып-төңкеріліп жатады да, ала болып келеді.

Жетекші сөзін бітіргенше, бір бала айғайлап жіберді.

— Не болды?

— Сіз айтқан әлгі ұсақ ала тастар жылжып барады! Әне! Шынында да, ала тастан ешбір айырмасы жоқ бір жәндік жорғалап бара жатты. Бұл — шөл шегірткесі еді.

Балалар оны ұстамақ боп, лап қойды. Өзі бір пәлекет екен, бұлт-бұлт етіп құтыла берді. Балалар шегірткені өздері дегенде ұстады. Шегіртке жауырынының түсі мен тастақ шөл даланың түсі бірінен бірі айнымайды; балалар бұған таңқалысты.

— Бұл — тақырдың дөңгелек бас шегірткесі

делінеді, — деп түсіндірді жетекші. — Бұл сендер зоологияда оқытқан қорғаныс бояуының дәлелі бола алады.

Көресіндер ме, түсі айналаның табиғатына қандай ұқсайды. — Тақыр деген немене? Бұл сөзді ешкім де білмейтін болып шықты.

— Тақыр — шөл даладағы тақтайдай тегіс жер. Бұл су өткізбейтін сазды топырақтың бетінде тұрған қақтардан пайда болады. Тақырлар кейде бірнеше километрге созылады.

Қас қарая ғана машина Алатаудың бір сілемі Шолақ тауындағы Тайғақ шатқалына кірген еді.

Жүз алпыс километрлік жол, аптап ыстық күн артта қалды.

Алғашқы күні далада түнеу — әрқашанда қиын келеді. Бой үйренбеген тосын жер үйдегідей қайдан болсын! Бір қыдыру бала түннің бір мезгіліне дейін ұйықтай алмады. Біресе ана жерден, біресе мына бұрыштан шатыр ішінде булыққан күлкі мен сыбыр көпке шейін тынбай қойды.

Шаршаған бой шалдығып ұйқыға кетті. Лагердің маңы жым-жырт. Күзетші баланың аяғының тықыры, тау өзенінің сылдырап аққаны, желдің сылдыры ғана естіледі.

Таңертең жас натуралистер шатқалға өрлеп, бірінші экскурсияға аттанды. Жол ұзаған сайын, әр қыялай берді. Ақырында шатқал орасан зор бір тас коридорға айналды.

Тік құз жартастың қуысында өсіп тұрған қатты жапырағы бар ағаш кездесті.

— Қәне біреулерің мына ағаштың бұтасын пышақпен кесіп көріндерші, — деді жетекші жымыйып.

Ағашқа таяу тұрған Жамал қалтасынан пышағын алып, бұтақты кесе бастады, бірақ іс өңе қоймады.

— Сен де бір олақ екенсің! Маған берші, — деді Вова шыдамай. — Жорыққа кісі мұқалған пышақ алып шығар ма!

Вова да бұтақты кесіп түсіре алмады. Балалар жапа-тармағай ағашқа төне қалды. Әлгі ағаштың бұтағы кесілгенше талай пышақ майрылды.

— Бұл сирек кездесетін темірдей қатты ағаш. Ол Шолақ тауында көп өссе, ал, Құнгей

Алатауда бұл ағаш бір ғана үлкен Алматы өзенінің аңғарында өседі.

Аялдаған жерде балалар көрген-білгендерін жазып та алысты.

Бұлар тағы да біраз жүрген соң үлкен бір тасқа кездесті.

— Қараңдар, қараңдар! Бірдеңе жазылған.

Балалар тастың іргесіне келді. Күреңіткен тіке бетінде тау ешкісінің суретін көрді олар.

— Бұл сурет осыдан талай ғасыр бұрын бір қатты затпенен тасқа ойылып жасалған,— деп түсіндірді жетекші.— Қараңдаршы анау тастарда да мына сыяқты түйенің, аттың, ешкінін, бұғының суреттері бар. Бұдан ертедегі адамдардың аңшылық кәсібін, олардың мерекелері мен соғыстарының суретін көруге болады. Мынау ешкі суретінің астындағы белгі осы арада тұрған ертедегі бір тайпаның таңбасы. Күнделіктеріне оның суретін салып алыңдар.

Талай сағаттар өтті... Балалар есте жоқ ерте заманның суретшілерінің суреттерін, ескі арапша жазылған жазуларды дәптерге көшірумен болды.

... Күн алыстағы таулардан асып бара жатты. Аспан қызғылт түске боялды. Алда үлкен Қалқан, кіші Қалқан тауларының сұрғылт күздары қарауылады. Әлден уақытта бұлардың ар жағынан шағаладай аңшақ керемет тау көрінді.

— Балалар, сендер іздеген жұмбақ тау осы! — деп айғайлады кабинасынан шофер.

Балалар дулап кетті. Қоналқыға тоқтаған балалардың аузындағы түнгі әңгіме осы қызық тау еді. Бұл тау әрқашанда шуылдап тұрады. Өзі құмдақ тау.

— Шулайды дегені қайда? Тіпті он шақырымнан естіледі дегені қайда? Міне, тап қасына келдік, ештеңе естісем, құлағым керек болсын,— деді әрқашанда шыдамсыз Сайран.

— Шынында, бекерге келген екенмін,— деді Катя өкінішпен.

— Асықпасаңдаршы,— деп жұбатты Сапар басқаларды.— Әлі таудың шуылдағанын естиміз. Үлкен кісі өтірік айта ма. Попугаев атай тау шуылдай бастаса, пароход айғайлап жатыр ма деп қаламын демеп пе еді.

— Мынау мый қайнаған ыстықта, ескел құмда биік тауға қалай шығамыз? Кешке дейін басына шығу қайда? — Мұны айтқан тағы да Катя.

Бірақ балалардың көпшілігі қызықты алдан күтті. Таудың басына шыға бергенде олар күтпеген жаналыққа кездесті. Бұл араның құмының бетінде адам ізі де қалмайды екен. Жел құмды катырып тастаған. Саяқатшылар асфальтпен келе жатқандай жеңіл жүріп кетті. Үш жүз метр биіктікке балалар онай көтерілді.

Міне, мынау таудың жоны балықтың жотасындай созылып жатыр. Бірақ, мұнда да ешбір шу құлаққа шалынбайды.

Балалар не істерін білмей аңырып тұрып қалды.

— Кәне, біреуің оңтүстік беткейден еніске қарай жүгіріп көріндерші,— деді жетекші. Ол мұны күліп тұрып айтты. Құлкісінде бір сыр бар сыяқты еді. Сапар мен Вова төмен қарай жүгіре жөнелді. Олардың соңынан құм тасқыны ағып бара жатты.

Кенеттен керемет басталды: айналаның бәрі жаңғырығып, таңғажайып ұлыған дауыс естілді. Таудың ішінен шыққан әлгі дыбыс барған сайын үдей берді. Төңіректің бәрі дірілдеп тұрды. Балалар үрейленіп үнсіз тұрып қалды. Бәрі де бұдан да зорды күткендей үлкен адамдарға ұқсап сабыр тұтқан...

Бәрінен бетер қорыққан Сапар мен Вова болды. Олар әрі жүгірмей орта жолда тоқтап қалса да, тау ұлығанын тоқтатады. Таудың даусының күші фабрика гудогының дауысындай, бірақ, адам білетін ешбір дауысқа ұқсамайды.

Әлден соң әлгі дауыс талмаурап барып тоқтады да, айналаның бәрі тына қалды. Сапар мен Вова жоғарыға әзер көтерілді. Олардың әрбір қадамы тауды бір «күрсінтіп» қояды. Тау бағанағыдай қатты ұлымады. Әлден соң балалар тынышталып әңгімеге кірісті.

— Міне қызық!

— Керемет осындай-ақ болар.

— Менің қорыққанымды айтсаң... Бұл не өзі сонда?

Жорық жетекшісі балаларды таудың басына отырғызып түсіндіре бастады.

— Мұндай шуылдайтын тау Қытайда, Монголияда және басқа бірталай жерлерде бар. Дауыс сусыған құмнан шығады. Мұны жана көрдіңдер. Бірақ дауыстың осыншама күшті болуы нәліктен? Бұл жөнінде оқымыстылар жорамал ғана айтады. Олардың бәрі мен тізіп жатпайын, біреуін ғана айғайың. Таяуда Қазақ ССР Ғылым Академиясының қызметкері, ғылым докторы Моряковский мынандай пікір айтты. Ол былай деп ойлайды: сусыған құм түсетін етекте ылғалды тығыз тұтасқан құм қабаты жатыр. Осы қабат үстіне түскен құмнан шыққан дыбысты күшейтіп кері қайтарады. Бұл скрипка мен домбыра астауының шектен шыққан үнді күшейтетіні сыяқты. Мұндай шуылдайтын таулар зерттеуді керек етеді. Таяу уақытта бұл таудың да сыры ашылмақшы. Оны біз таппасақ, біздің орнымызды басатын сендер табуға тиістісіңдер.

Сондағы көрген қызығын балалар кәзір өз жолдастарына жыр қылып айтып жүр...

Хоккей



Әңгіме

Жамбыл атындағы колхозда әдемілеп салынған үлкен жеті жылдық мектеп бар. Онда оқыйтын оқушылар да басқа балалар сыяқты хоккей ойынын өте жақсы көреді. Бірақ олардың ойындары өзгеден басқашарак еді.

Командадағы ойыншылардың санында қойылған шек жоқ, қанша бала жыйналса да екіге бөлініп, команда құра салушы еді. Кейде әр командада 20—30 шабуылшыдан болатын күндері де кездесуші еді. Ал, бұлардан қақпаны қорғау үшін, кемі екі-үш кісіден қақпаны қойылатын.

Ойын басталып кеткеннен кейін келген балалар да өзінің қалаған командасына қосыла кетеді, тек қолында жаман да болса таяғы, аяғында сырғанауға жарайтын ілдабай коньки болса болды, айғай-шуды молайта түсуді ешкімнен сұрамайды, бар жандарын салып бағады. Олардың кейбіреулері бір ойын бойы бір ретте доп соқпай, құр дүрмекпен көпке ілесіп жүре берсе де, әйтеуір, «ойынға қатысып жүр» деген атағына мәз болатын...

... Міне, «ешқандай міні жоқ» деп келген осы ойындарының бір күні кенеттен шырқы бұзылып, бірден ұнамай қалды.

«Жоқ, біз бұдан былай бүйтіп ойнамаймыз» десті олар гүлдесіп. Бұған себепші Сейілбек болды.

Ол каникулда Көкшетау қаласында тұратын бір туысының үйіне барып төрт-бес күн демалып жатып қайтты. Көрші үйде тұратын өзіндей бір сары, талпақ мұрын баламен алғашқы күні-ақ достасып алған. Соған еріп ол Көкшетауды армансыз аралап талай қызықтар көрді. Солардың ішінде оған әсіресе, ұнаған хоккей ойыны болды.

Бұл ойын Сейілбектердікінен мүлде басқаша еді. Әуелі көк шұғадан тігілген спорттық костюмы бар бір адам ортаға шықты. Ол қолындағы сағатқа үніле қарап тұрып ысқырып қалғанда, екі жақтан сап түзеп ойыншылар алаңға шығып, өзара сәлемдесті. Кішкене капитандар ілгері бөлініп шығып төрешінің қолын алып, бірдене десіп жатыр. Бірақ, олардың не дегенін қаншама құлағын тіккенімен Сейілбек ести алмады. Қілең өзіндей бала ойыншылар оған қатты ұнады. Бәрі де жап-жақсы. Келісті-ақ!..

Сейілбек: «Жоқ, біздікі құр ермек екен, шын хоккей мынау екен» деген ой ала қайтты ауылға.

* * *

Сейілбек сабаққа алғаш келген күні-ақ «а» және «б» класындағы жолдастарына Көкшетаудағы өзінің көрген, білгенін баяндай бастады.

— Бізге де солай ойнауға болмай ма? — деп гүйді ол сөзін.

— Дәл, солай ойнауымыз керек, — деп балалар шулап қоя берді.

Жалғыз-ақ Рамазан деген бала:

— Команда құруын құрармыз-ау, бірақ, ойын тәртібін бізге кім үйретеді, ешкім білмейді ғой, — деген шұбасын айтты.

— Сол да сөз болып па? — деді Сейілбек. Мен Көкшетаудан не бітіріп қайтты дейсің. Өзім үйретем!

* * *

Түс ауа сабақтан шыққан балалар мектеп кітапханасының алдына жыйналды.

— Ойын тәртібі былай, — деді Сейілбек, — қолындағы қара сумкасын сарт еткізіп алақанымен бір ұрып қойып, — хоккей да футбол ойыны сыяқты. Айырмашылығы сол ғана: футбол добы қарбыз сыяқты үлкен, оны аяқпен тебесің, баспен соғасың. Ал, мұнда доп қаздың жұмыртқасындай ғана, бірақ ондай сопақ екен деп түсініп қалмаңдар... доп-домалақ... оны арнай істеген таяқпен ғана соғасың.

Оның сөзін көкшіл көзді, таңқы мұрындау келген Есет деген бала бөліп жіберді.

— Сейілбек, сен бар ғой, нә деңі... Иә болса, сен бізге оның бәрін айтпай-ақ қой. Оны өзіміз де білеміз. Сен бізге тек қалай ойнайтын тәртібін айтсаң болды емес пе?..

Сейілбек оны ұнатпай қалғандығын білдіріп көзін жалт еткізіп бір қарап өтті де, сөзіне кірісті.

— Я, добы кіп-кішкентай, оны қалақша соғады деп алғінде айттым ғой, оны бізге ұқсап кім болса сол, бет алды қуалай бермейді, кәдімгі футбол сыяқты бір-біріне қақпақылдап береді. Бірақ, менің бір таңқалған жерім: адам саны өте аз. Үш шабуылшы, екі қорғаушы, бір қақпашы, сонда не бары алты-ақ адам.

— Ойбай,— деді Есет,— онысы шатақ екен. Аз кісімен ойынның қызығы бола ма?

— Ә, ә, мен енді оған түсіндім,— деді Рамазан. Ойынды білетін балалар аз шығар да, команданы солай құруға тура келген болар. Әйтпесе, үлкендер командасы он бір адамнан ғой.

Мына сөздің жаны бар сыяқты көрініс кетті. Сейілбектің өзі де: «солай шығар, бірақ, ол арасын айырып сұрамадым,» — дегенді айтты.

Олар команданы ақыр аяғында алты адамнан емес, он бір адамнан құрды. «А» класының командашысы Сейілбек, «Б» класының командашысы Рамазан болып белгіленді. Хоккейді жақсы ойнайтын Асан қақпаны болды. Екінші қақпашыға келгенде балалар ойлап қалды.

— Басқа кластың балаларынан біреуді аламыз ба? — деп ақылдасты жолдастарымен Сейілбек.

Осы кезде манадан бері сөзге араласпай тұрған Айжан деген бала алға шығып:

— Сейілбек,— осы мен қақпашы болсам қайтеді, ә? — деді.

Ол 13 жаста деп ешкім айтпайтындай, Сейілбектің иегінен сәл ғана асатын тапал бойлы келген, етженді қара домалақ бала еді. Өзі жүгірсе болды, ентігіп шаршап қалушы еді.

— Қой, сен доп ұстай алушы ма едің.

— Оһо, ұстағанда қандай! Былтыр ма, алдыңғы жылы ма, әйтеуір бір рет қақпашы болғаным бар. Жақсы ұстаймын, өзің сонда бірге болып едің ғой...

Оның қай уақытта қақпашы болып жүргенін Сейілбек те, басқалары да ойлап-ойлап естеріне түсіре алмай қойды. Дегенмен, ақылдаса келгенде, Рамазан командасының қақпашысына сол белгіленді.

Жер бетіне жылылығын төге ашық аспанда алтын табакқа ұқсап күн тұр. Күн сәулесіне шағылысқан қардың ұсақ ұлпалары айсыз қараңғы түндегі көмескі көрінген ұсақ жұлдыздардың әлсіз сәулесіндей жылтылдаса, ауылдың алдыңғы жағында жатқан «Балықты көлдің» мұзы шыныдай жалтырайды. Көл беті конькилері сатырлап сырғанақ тепкен балаларға сыймайды...

* * *

Үстінде мақталы қалың польто, басына кара

лақтың терісінен істелген, құлағы есектің құлағындай салпыйған малақай киіп доп-домалақ болып қақпаның алдында тұрған Айжанға Рамазан:

— Сен байқа, қақпадан ұзап кетуші болма. Бір доп өткізіп жіберсең болды, дереу ойыннан қуып шығарамын! — деп ескертті.

— Өткізбеймін допты, қысылсам, көлденен түсіп жатып аламын.

Балалар ду күлісті. Өзі де сақылдап күліп жіберді.

Ойын төрешісі Кеңес аузына қаңылтыр ысқырықты салып «фюп-фюп-п» деп екі соза ысқыртты. Ойын басталып кетті. Сейілбек допты алдына салып қуа жөнелді. Қарсы ұмтылған Рамазаннан мысыққа ұқсап жалт бұрылған ол қарсы келіп қалған Жакыпты бар екпінімен соғып кеп кетті. Екеуі де аяқтарын көкке көтере екі жаққа қарай ұшып түсті. Допты өзгеден бұрын жеткен Есет іліп әкетті. Аяғы анда-санда жерден бір-ақ түсіп, ол жұлдыздай ағып қуалап барады. Кәнігі хоккейші сыяқты таяқты оң қолына ұстап ілгері созып, екі жаққа кезек қырындатып қояды. Бірақ Рамазанның қорғаушылары қақпаға жеткізбей кейін қайтарды.

Бастапқы кезде әжелтәуір басталған ойын қыза келе пышырап, Сейілбек үйреткен тәртіптің түгі де қалмады. Ойын басталмай тұрғанда «ойбай, тәртіпті ойнаймыз» деп күпілдеген ойыншылар қыза келе баяғы қалыптарына түсіп кетті. Сейілбек пен Рамазанның оларды тәртіпке саламыз дегендерінен түк шықпады. Ешқайсысы да тыңдамады. Допты біріне-бірі қақпақылдап беру жоқ, қайсысының алдына түссе, сол қуалай жөнеледі. Әйтпесе, бет алды соғып жібереді. Реті келсе бірін-бірі әдейілеп қағып қалып, ұшырып түсіруге тырысады. Әсіресе, Рамазанның командасында ойнайтын Жакыптың қыймылы өте өрескел. Ол көлдененнен салып қалып талайдың қолындағы таяғын ұшырып жіберді. Мұны үшін айып тартқызамын деген Кеңеске:



— Мен ыйығыммен қағып жүрмін ғой. Оған әркімнің еркі бар. Сейілбек солай үйреткен,— деп жеңістік бермейді. Кеңес тағы бір-екі рет келіп ескерту жасап еді, қолын бір-ақ сермен сөзіне құлақ аспады...

... Жеке-жеке айтқанға ешқайсысы көнбеген соң Сейілбек талай рет ойынды тоқтатып қойып, тәртібін үйретіп бақса да, түк өндіре алмады. Айтқанын орындата алмаған Сейілбек ызаланып, жыларманға келіп тұр. Кішкентай мұрнын дамылсыз тартып, қып-қызыл болған, самайдан тер сорғалайды. Ол Кеңеске қайта-қайта дұрыстап ойнасайшы деп тынышын ала береді. Кеңес ілгері-кейінді ұшқан доптың соңынан қалмай еремін деп өкпесі өшіп, ырсылдап жүгірді де жүрді...

... Маңайында ешкім қалмай камыс қақпасының алдында тұра-тұра әбден жалыққан және тоназуға айналған Айжан бір кезде зерігіп қақпасын тастап, әжептәуір жерге ілгерілеп шығып, ойыншыларға қарап тұр еді. Бір сәт Есеттің зымырап келе жатқанын көрді. Оны өкшелей он шақты бала келе жатыр. Оған жете алмай дымы құрыған Рамазан шанкылдаған ашы дауыспен:

— Қорбалаңдап қайда ғана келе жатырсың, ашықауыз. Тез қақпаға бар,— деп жаны шығып кетердей ышқына айғай салды.

Айжан кейін қарай жалт бұрылып, алды артына қарамай беже жөнелді. Бірақ, жүйрік Есет қояр болмады. Әрі-беріден соң қуып жетуге айналған ол Айжанның сасқалақтап жүгіргенін қызық көріп сылқылдап күліп келеді.

— Жүгір, Айжан, жүгір. Мүмкін, жеткізбей кетерсің— дейді мазақтап. Рамазанның «бір доп өткізіп жіберсең, ойыннан қуып шығамын» дегені есіне түсіп, жаны мұрнының ұшына келгендей болған Айжан Есеттің мазақтағанын естігенде ызаланып кетті. Оны қалайда қақпаға жібермей қалудың ақылын ойлады... Есет қатарласа бергенде бұл оған қарай жалт бұрылып дүрсе қоя берді. Шап беріп сол жақ қолынан ала түсіп, бар күшін салып кейін тартты. Мұндайды күтпеген Есет алғашқыда сасып қалғанымен, оның не істегісі келетінін сезген соң босанып кетпек болып жүлқынып-жұлқынып қалғанда Айжан құлап қалды. Бірақ, ол жай жығылған жоқ, оның өзін де ала жығылды. Етиетінен түскен Есет қолындағы таяғынан да айрылып қалды. Доп бастапқы келе жатқан жөнімен камыс қақпаға қарай домалап кете барды...

Бұл оқыйғаның қас қаққандай шапшаң болғандығы сонша зыр етіп келіп қалған Рамазан, тағы екі-үш бала бұрылып кетуге мұршалары келмей қалып тура осыларға килігісіп,

ойпаң-тойпаң болды да қалды. Ойын тоқтап қалды.

— Бір ұпай салдық,— деді Сейілбек.

Оған Рамазандар көнбеді. Тіпті болмаған соң Сейілбек:

— Ұпай салмады деп талассандар, алты алым жерден айып ретінде доп соғамыз,— деп еді. Рамазан оған да көнбеді.

— Сен барған Көкшетауға мен де барғанмын. Мен сендей балалардың емес, кәдімгі «Искра» «Динамо» командаларының ойындарын көргенмін. Онда олар да ешқандай «айып доп» деген жоқ-ты.

Қанша дауласса да, екі жақ ешбір келісімге келе алмады. Ақыры екі команда бір-біріне іренжісіп тарқасты...

... Ертеңінде Сейілбек мектепке көңілсіз келді. Сабақ үстінде де ол жадырай қоймады. Оның күндегіден көңілсіз екенін байқап қалған аға вожатый Сейілбекті шақырып алды.

— Я, Сейілбек, қал қалай? Неге көңілсіз жүрсің, ә? Сейілбек кеше болған оқыйғаны баян етті.

— Оған несің ренжисің? Хоккей үйренгілерін келеді екен, физкультура мұғалімі сендерге көмектеседі ғой. Сол кісіні ала отырып, сөйлесейік, жарай ма?..

— Ал, әзірше сен «Черемыш — батырдың інісі» деген кітапты оқып шықшы...

— Лев Кассильдің бе? — деді Сейілбек «көп» нәрседен қабары барлығын білдірмек болып.— Мен ол кітапты әлде қашан оқыдым ғой. Тамаша, қызық кітап. Әсіресе, Гешка қызық. Өзін «Батырдың інісімін» деп жолдастарына таныстырады. Тамаша хоккейші. Хоккей ойнап жүріп ойыққа түсіп кетеді. Өте қызық.

Вожатый тағы да езу тартып күлімсіреді.

— Сейілбек, сол кітапты тағы да бір рет оқып шықшы. Оқығанда судыратып оқыма, зейін қоя, түсініп оқы. Сонсоң не ұққаныңды маған айтып беретің бол. Жарай ма?

— Жарайды.

Вожатыйдың бұл кітапты неге оқы дегенін Сейілбек кейін білді. Хоккей ойнаудағы өз қателерін бұл кітап оның көз алдына елестетті. «Біз команда да құрамыз, жақсылап жаттығамыз да» деп қуанды ол.

Оның көз алдына өздерінің болашақ командасының хоккей ойнап жүргендері елестеп кетті. Бұлардың ойындарын көруге көп кісі жыйналыпты. Ішінде вожатый да бар, күле қарап тұр. Аяз сүйіп қызарған жүзін онан сайын нұрландыра түскен мойнында қызыл галустугі. Сейілбек тұра жүгіріп барып мойнына асылып, оны бетінен сүйгісі келді.

КЕЛДІ ОЛ СОЛАЙ КОЛХОЗҒА

Ғафу Қайырбеков

1

— Апарып-ақ салайын,
Мына қырдың асты екен!
— Жок, жаяу-ақ барайын,
Дала ауасы жақсы екен!..
.. Бір дүр еге түсті де,
Машина кетті зымырап.
Көк майсаның үстінде
Жапырылған ізі қап.

2

— Сізбен бірге бір шофер.
Келеді деп естіп ек.
Бегеп, бәлкім, шаруасы
Шыққан шығар кешірек?! —
Деді колхоз бастығы,
Қарсы ап тұрып қонағын.
Мал дәргері — жас жігіт,
Қақты үстінен жол шаңын.
Жымыйды сәл күлкімен
Бастыққа ол бір қарап:
— Аз дейсіз бе бір күнге
Түпкілікті бір қонақ!..



Орынды айтқан әзілге
Қарай қапты Бәсекең,
Көпшіліктің сөзі де
Десті «әзілі жақсы екен!»
— Шофер келер, болмаса,
Ол бәлдене бермес тым!
Жолдас, бастық, мен де онша,
Жаман шофер емеспін

— Ал, ендеше, алыспай
Қол тұрмасын, батыр, кел!
Алдыңғысы дәргерлік,
Шоферлыққа тағы әкел!..
Ду күлісті тұрған топ
Қошеметті пішінмен.
Көздерінде ойнап от
Бәрі риза ішінен.

Қоян мен көжек

О. Слезкина



Орманның шетінде бір топ көжек томардан секіріп, қуғыншыны ізден адастырып ойнап жүр. Ортада, қайың түптерінің арасында үлкен қоян жатыр. Бұл да, барлық қояндар тәрізді, көзін ашып қалғып жатыр, ұйқысы сергек, құлағы сақ. Өйтпесе болмайды, өмір тәжірибесі жоқ, есі кірмеген көжектер ұрышпақ-ақ, бір пәлеге оңай ұшырап қалады. Үлкен қоян көжектерді талай пәледен құтқарып алған.

Бір күні көжек біреудің



бақшасына кіріп кетті. Оның сорына бір ит жетіп келді. Көжек ышқынып жонға қашты. Ит қуып берді. Көжек орманға бет алды, ит қыр соңынан қалмады. Әлі құрыған әлгі көжек өлдім-талдым дегенде өздері мекендеген орманның шетіне жетті. Үлкен қоян ағаш түбінде отыр еді. Көжекте көріп, бір пәленің болғанын іші сезе қойды да, артқы аяқты қатты серпіп жіберіп, жатқан орнынан алыс ыршып түсті. Қалшылдаған көжек оның орнына жата қалды.

Орманның шетіне жеткен ит қоянды көріп, қуа жөнелді. Көжектең көбекте тығылып қалғанын қайдан білсін! Әккі қоян айласын асырды. Қашақаша иттің өкпесін өшірді. Осы кезде қоян итті ізінен адастыруды ойлап, бір жаққа орғып түсті де, шоқыйып артына қарап еді, ит алыс қалған екен. Орғып бағапағы ізіне қайта түсті. Осы ізбен біраз жүгіріп алды да, бір жаққа жалт беріп екі-үш ор-



ғыды, сөйтін әлгі ізін қайта тапты. Қоянның ізі шым-шытырық шытырманға ұқсады да қалды, ит қай ізге түсерін білмей аңырды. Батпақтың суын жалап сәл тұрды да, үйіне кетті.

Ал, әлгі әккі қоян томардың үстінде отырып алып, көрдіңдер ме дегендей көжектерге қарап, мұртын қозғап-қозғап қояды.



КІТАПТАР ТУРАЛЫ КІТАПША

1

Скворцов
Гришканың
Болған екен
Кітаптары —
Ластанған,
Беті кір-кір,
Жалба-жұлба
Жыртық,
Бүкір,
Аяғы жоқ,
Жоқ не басы,
Бейне жеке —
Мұқабасы
Шыймай-шатпақ
Әр беттері.
Зар жылады
Кітаптары.

2

Төбелесіп Мишкамен ол
Кітабымен сермеді қол.
Бірді берді бастан келіп,
Кітап түсті қақ бөлініп.


3

Арыз айтты Гоголь бір кез:
Жасында ол болған кербез.
Міне, қазір тұр жалаңаш,
Қартайғанда ұлғайып жас.
Робинзон бейшараның
Сыдырыпты сыртқы қабын.
Крыловтың жоқ бір беті.
Уқаланған грамматиканың
Бір бетінде бадырайып
Трубочистың тұр суреті.
Географиясына Петровтың
Салыпты сыйыр суретін.
Және былай деп жазылған:
«Бұл өзімнің географиям.
Кім сұраусыз алса мұны,
Бұзылады оның мұрны!»


4

Кітаптар да қойды сұрау:
— Енді қалай етеміз? —
деп. —
Кайткен күнде Гришкадан
Біз құтылып кетеміз? — деп.
Ағайынды айтты Гримм:
— Қашайық, — деп, — қалмай
бірің!

Заржақ және күңкіл қуған
Есеп кітап уқаланған
Оған былай берді жауап:
— Қыз бала мен ер балалар,
Кітаптарды жыртады олар.
Гришкадан қайда қашып



Құтыламыз? — деді сасып
Ағайынды Гримм айтты:
— Кәрі минус, сөзді доғар.
Енді ызыңдап күңкіліңмен,
Ыза қылмай бізді, жоғал!
Басымызға еркін пана
Болар бізге кітапхана.
Кітаптарды онда әркімге
Бермейді ешкім жәбірлеуге.
«Том ағайдың лашығы»:
— Жоқ, бармаймын! — деді
өктем. —



Қаламын мен үйде жалғыз
Гришкаға болса да өкпем.
Сонда «Тимур» — Жүр! —
деді оған —

Шыдамдысың асқан шектен.
«Дон — Киход» «Алға» —
жар салды.


Жорыққа томдар аттанды.

5

Кітапхана кең залына
«Панасыздар» кірді келіп.
Жарқыраған полкалар тұр,
Столға шам нұрын төгіп.
Кітаптар тұр қабырғада
Мұқабасы былғарыдан.
Ложадағы адамдардай
Төмен қарап жоғарыдан.
Кенет
Есеп кітабы
Өңі қашып,
Сыбырлады
Кегіп ес:
— Алты жерде сегіз —
Қырық сегіз.
Бес жерде тоғыз —
Қырық бес.
География есік жаққа
Тұра ұмтылды шошып жаман.
Осы кезде үй ішіне
Келді кіріп күзетші адам.
Әкелді олар сыпырғыштар.

Тазалады ішін залдың,
 Сыпырды еден, полкаларды,
 Қабын сұртті кітаптардың,
 Вешалка артын, бұрыштарды,
 Тазалады — бәрін сұртті.
 Тау боп жатқан едендегі
 Кітаптарды көрді жыртық. —
 Аяғы жоқ, жоқ не басы,
 Бейне жөке — мұқабасы.
 Шыймай-шатпақ — әрбір
 беттер.

Зар жылады күзетшілер:
 — Панасы жоқ кітапсыңдар.
 Тоздырыпты жас балалар,
 Апарамыз сендерді біз
 Дәрігерге — Иван Кузьмич.
 Жаны ашып, ол сендерді
 Тазалайды, желімдейді.
 Беттеріңді қырқып, тигіп,
 Шығаралы киіндіріп.



6

Кітапхана кітаптарының
 олеңі

Келіндер бізге, панасыз,
 Мүгедектер — кітаптар.
 Біздің кітапхананың
 Сендерге кең залы бар.
 Алба-жұлба — кітаптар,
 Жүрген кезін әр жерде.
 Мұнда жаңа қағаздан
 Тігеді көйлек сендерге.

Календардан сендерге
 Бешпет тігер және де.
 Паспорт беріп бәріңе
 Емдейді тез арада.
 Келіндер бізге, панасыз,
 Мүгедектер — кітаптар.
 Біздің кітапхананың
 Сендерге кең залы бар.

7

Кітаптар ауруханадан
 Шықты, міне жаңадан.
 Түзелген ярлық беттері,
 Мұқабасы, түптері.
 Содан кейін залға барды.
 Әрқайсысы орын алды.
 Есеп кітап тұрды бірден
 Алып орын жүзімшіден.
 Командамен келіп бірге
 «Тимур» тұрды екі жүзде.
 Сөйтін, көрсең әркітапты
 Өздеріне жаңа үй тапты.


8

Гришкаға, енді, келсек:
 Беріліпті оған есеп.
 Іздеп есеп кітабын ол,
 Барлық жерді қарады мол
 Төсек астын, диван астын,
 Жастық астын көрді қарап.
 Пештің ішін, шелек ішін,
 Ит ұясын шықты санап.
 Бірақ кітап көрінбеді,
 Гришка тым жәбірленді.
 Бұл жағдайда не істеу керек?
 Кайдан кітап іздеу керек?
 Енді көпір үстінен,
 Тек, өзенге құлау қалды.
 Немесе кітапханаға
 Барып, кітап сұрау қалды.



9

Айтады жұрт: бір жас бала
 Кітапхана залына кеп,
 Сұрапты ол бір апайдан:
 — Сіз бе кітап беретін? —
 деп.
 — Жөнел! — депті сонда
 кітап,
 Түс-түс жақтан бері шулап.



Автордан

Бұдан талай жылдар бұрын,
 Жаздым мен бұл кітапшаны.
 Ленинградқа барар жолда
 Кездестірдім Гришканы.
 Ол баяғы Гришка емес,
 Ол атақты инженер.
 Баласы оның келеді өсіп,
 Өте ақылды пионер.
 Үйлерінде болдым оның.
 Көрдім кітап полкаларын.
 Шыны астында қатарлап,
 Елу шақты том тұр қалың.
 Жаңа бешбет — мұқабалы,
 Тізіліп тұр жайнап бәрі.
 Шығатындай парадқа нақ
 Әке-бала кітаптары.
 Тұрады олар өте жақсы —
 Күтетұғын иесі бар.
 Ешуақытта бұл арадан
 Басқа жаққа қашпайды олар.

Аударған Т. Жабиев

Низами Гянджеви

(Қайтыс болғанына 750 жыл)

... Сасанидтердің патшасы Нуширеван бір күні аң аулауға шығады. Аң қуып жүріп, ол нөкерлерінен бөлініп кетеді. Оның қасында уәзірінің біреуі ғана болады. Патша мен уәзір бір қыйрап қалған деревияға кездеседі. Айналаның бәрі тып-тыныш... Қарап қалған үйлерде бірде-бір адам жоқ екен. Тек құлаған үйдің қабырғасына қонақтаған екі жапалақ өзара әңгімелесіп отыр. Олардың шыңғырын бақырағанын естігенде патшаның үрейі ұшып кетеді. Бұл жапалақтар не нәрсе жайында әңгімелесіп отыр?—деп сұрайды патша уәзірінен. Сөйтсе, жапалақтардың біреуі екіншісіне қызын ұзатпақ екен. Мұның ақысына ол осы қыйраған деревияны және сол маңайдағы сондай қыйраған деревияларды беруді сұрайды. Екінші жапалақ: жарайды, сұрағаныңды берейін, өйткені Нуширеван тірі тұрғанда халық қайыршылық өмірден құтыла алмайды. Тіпті жаңағы екі-үш деревияға жүз мыңдаған қыйрап қалған үйлер мен деревияларды қосып берейін, деп жауап береді.

Мұны естіп, патша аң-таң қалады. Өзінің қаталдығын, әділетсіздігін түсінген Нуширеван бұрынғы істерінен безініп, қайырымды, рақымы мол адам болады...

Азербайжан халқының ұлы ақыны Низами Гянджевидің «Сыр қазнасы» атты шығармасына енген «Екі жапалақтың әңгімесі» деген новеллада осы жайлар айтылады. Ақынның бұл ең бірінші күрделі шығармасы бөлек-бөлек жыйырма әңгімеден тұрады. Ол осы әңгімелерінің көпшілігінде-ақ патшалардың, сұлтандардың қаталдығын, әділетсіздігін сынайды, соған қарсы шығады. Сөйтіп, ақын қанауда, жоқшылықта зар илеген халықтың ойын, тілегін білдіреді.

Низами 1141 жылдар шамасында Гянджа (қазіргі Кировабад) қаласында туған. Оның Гянджеви аталуы да осыдан. Ақынның шын аты Ильяс. Низамидің әкесі Жүсіп ертеректе қайтыс болады да, болашақ ұлы ақын біраз уақыт бойы шешесінің қолында тәрбиеленеді. Көп кешікпей шешесі өледі. Содан кейін Низами өз бетімен күн кере бастайды.

Орта ғасырда Гянджа Азербайжанның ең ірі, сәулетті қалаларының бірі болады. Онда сауда күшейеді, мәдениет тез дамып бастайды. Гянджа қаласында оқымыстылар көп болады. Низами жас кезінде солардан сабақ алады. Ғылымның түрлі салаларын зерттейді, музыкамен, әдебиетпен кең шұғылданады. Ғылымға, әдебиетке көп көңіл бөлген Низами қарапайым өмір кешеді, дәулетке, салтанатқа қызықпайды. Сондықтан да ол байлардың, сұлтандардың сәнді сарайларында болып, оларды дәріштеуден бас тартады. Өйткені, олардың халықты аяусыз езетінін, жоқшылыққа ұшырататынын Низами жақсы түсінді. Ол еңбекші халықтың арасында болды және соның арманын жырлады. Низамидің

бұл қасиеті ел ішінде көп аңыз болып таралып кетеді. Осындай аңыздар Азербайжанда әлі де бар. Солардың біреуі мынадай жайды баяндайды. Бір күні Низамидің үйіне Сельджуктің сұлтаны Қызыл Арслан келеді. Ақынның алдында кітабы мен сылсы; өзі жырым-жырым болған киіздің үстінде отыр екен. Кейін Қызыл Арслан өзінің әскерлерімен Гянджа қаласына жақып келіп тоқтайды да, Низамиге кісі жібереді. Ол бұл шақыруды қабыл алады. Низами келсе, сұлтан өзінің нөкерлерімен думан құрып, той жасап жатыр екен. Низамидің келгенін естіген соң, Қызыл Арслан жұрттың барлығын тыныштандырады да, ақынның құрметіне қайтадан той жасаттырады.

Низами Сұлтанға өзінің «Хұсрау мен Шырын» деген атақты дастанын оқып береді. Бұл дастан сұлтанға қатты ұнайды. Олар әдебиет, ғылым туралы, халыққа әділ қарау туралы сөйлеседі. Низамидің ақындығына, көп білетіндігіне және халықтың оны құрметтейтіндігіне қызыққан сұлтан оны өзін мадақтайтын сарай ақыны етуге тырысады. Ол Низамиге көптеген сыйлық, бағалы заттар бермек болады. Бірақ, ақын оның бұл құлығына көнбейді. Ол өзінің жұпыны үйіне қайтып оралады.

Әкімдер мен сұлтандар ұлы ақынды үнемі қудалаумен болды. Олар Низамиге шығармаларын туған азербайжан тілінде жазуға рұқсат етпеді. Осының салдарынан данышпан ақын өзінің тамаша шығармаларын ана тілінде емес, фарсы тілінде жазды.

Низамидің үшінші көлемді шығармасы — «Ләйлі мен Мәжнүн» дастаны. Халық арасына көп таралып кеткен аңызға сүйеніп жазған бұл дастанында ақын діни әдеттерге, шарият заңдарына қарсы шыққан, бас бостандығын көксеген жастарды жырлады.

«Жеті сұлу» дастанында ақын сасанидтердің патшасы Бахрам Гурдың тарихын баяндайды.

Низами ежелгі Греция мен Римнің де тарихын, философиясын, әдебиетін мен мәдениетін өте жақсы білді. Ол атақты Александр Македонский туралы «Искендер-намә» деген дастан жазды. Көлемі 20000 жолдан асатын бұл тамаша шығарма екі бөлімнен («Даңқ кітабы» және «Бақыт кітабы») тұрады. Ақынның басқа шығармалары сияқты бұл дастаны да Еуропаға және шығыс елдеріне түгел таралып кетті.

Низами 1208 жылы қартайған шағында өзінің Отаны — Гянджа қаласында қайтыс болды. Оның бейіті Кировабад қаласынан 5 километр жерде қазір де бар.

Адамгершілікті, адалдықты жырлап, билеуші тапқа қарсы болған, дүние жүзі әдебиетінің асыл қорына қосылған тамаша шығармалар жазған данышпан ақын Низамиді азербайжандармен бірге бүкіл совет халқы мақтан етеді.

Айқын Нурқалов.



Тыныс белгісін дұрыс қоя біл

Балалар, тыныс белгілері айқын, дұрыс қойылмаған жазу тіліміздің өткір құралы бола алмайды. Адам баласының қарым-қатнас құралы болып саналатын тілдің анықтығы, айқындығы және мәнерлі болып келуі керек дегенді көсемдеріміз көп айтқан. Орыстың ұлы жазушысы М. Горький «Тілдің тазалығы үшін, мағналық дәлдігі үшін, өткірлігі үшін күрес мәдениет құралы үшін күрес болады. Бұл құрал неғұрлым өткірірек болса, неғұрлым өте-мөте дәл бағытталған болса, ол солғұрлым жеңістірек болады...», — дейді.

Демек, тыныс белгілері жазуда үлкен орын алады. Тыныс белгілері жазушы мен оқушының қарым-қатнасын жеңілдетеді, яғни жазушыға өз ойын айтып беруге, оқушыға жазғанды жеңілдетіп, дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы: сөйлем аяғында қойылатын сұрау, леп, нүктелер сөйлемнің мағналық ерекшеліктерін білдірсе, сөйлем ішінде тұратын үтір, нүктелі үтір, сызықша, қос нүкте сыяқты тыныс белгілері сөйлемнің нендей бөлімдерге бөлінетінін ол бөлімдердің бір-бірімен қандай мағналық байланыстары бар екенін көрсетіп тұрады.

Тыныс белгісі қойылмаған сөйлемнің мағнасын түсіну өте қиын. Мысалы: «Оспан оқушы кітапханаға кетті», «Оқушы пионер әңгіме айтып отыр» деген сөйлемдердің әрқайсысының мағнасын екі түрлі түсінуге болады.

Мұнда кітапханаға кеткен Оспан және оқушы ма, әлде Оспан деген оқушы ма, белгісіз болып тұр. Екінші сөйлемде әңгіме айтқан оқушы-пионер ме, әлде пионер және оқушы ма, ол арасы да белгісіз.

Жеше кесек қырлы мұрынды Ақылбай келді» деген сөйлемдегі «кесек» деген сөзден соң үтір қойсақ, «Ақылбай кесек, ірі адам» деген мағна туады, егер де ол сөзден кейін үтір қойылмаса, Ақылбайдың мұрны үлкен деген мағнаны білдіреді.

Осы сыяқты төл сөздерге қойылатын тыныс белгілерін қоймай жазғанда, төл сөздің қайсы екенін, бөгде сөздің қайсы екенін айыру қиын болады. Мысалы: «Өзі ішер алдында стаканды жоғары көтерді. Осы қымыздай адал ниетпен айтам...» деген сөйлемде ой айқын болмай, күнгірт болып тұр. Осы сөйлемді «Өзі ішер алдында стаканды жоғары көтерді: — Осы қымыздай адал ниетпен айтамын...» деп жазсақ, бөгде сөздің қайсы екені, төл сөздің қайсы екені айқын көрінеді.

Балалар, диалог сөздерді осындай қатесіз жазу үшін мынаны жақсы білу керек:

Диалог сөздерге тән тыныс белгісі — сызықша. Әруақыт диалог сөздерді жазғанда, әр адамның сөзі жаңа жолдан бас әріптен басталып жазылуы керек те, әр сөйлеушінің сөзінің алдынан сызықша қойылуы керек.

Айтатын ой тындаушыға әсер ететіндей болу үшін сөйлеген сөзді қалай болса солай бытыратпай, белгілі ырғақпен мәнерлеп оқудың да маңызы зор. Сөйлеудегі мәнерлікті қолмақол жасап алу оңай болмайды. Сөйлеудегі мәнерлілік дағдыланып үйрену, үнемі іздену нәтижесінде ғана болады. Сондықтан да дауыс ырғағынсыз ой күнгірт болады, яғни сөйлемдегі сөздерді біріне-бірің қосақтай айтудан, айыра айтудан да мағна өзгереді. Бірақ, тыныс белгісі мен дауыс ырғағы әруақыт сай келе бермейді. Сондықтан да тыныс белгілерін кез келген, тоқтаған жерге қоя бермей, сөйлемнің беретін негізгі мағнасына байланысты қою керек.

Біз сөйлемде айтылған күрделі ойдың мағнасын түсінікті етіп беру үшін, тыныс белгісі жоқ жердің өзіне түрліше пауза жасап оқыймыз. Мысалы: «Некрасов халықтың аса берік күшіне сенген, ол күш бақытты азаттық таңын тудыра алатынына сенген» деген сөйлемдегі «Ол күш» деген сөздерден кейін пауза жасап оқымаса, мағна бұзылады, бірақ, ол жерге тыныс белгісі қойылмайды. Керісінше, кейде пауза айтылмаған жерге тыныс белгісін қою керек болады. Мысалы: ол — пионер. Оқу жылының бірінші тоқсанын аяқтап, екінші — жаңа сабақтар оқу — тоқсанына кірісеміз т. т.

Бұл мысалдардан тыныс белгілері тек жазылып қана қою үшін емес, олар сөйлемдерді дұрыс түсіну үшін де қажет екендігін көреміз.

Тыныс белгісін дұрыс қоя білген адам өзінің ойын, сезімін дұрыс айта алады, онымен бірге оқушы ол адамның ойын, сезімін дұрыс қабылдауға мүмкіндік алатын болады. Мысалы: Жолдас! Оспан және Асқар келді.

Жолдас Оспан, Асқар келді.

Жолдас, Оспан, Асқар келді!

деген сөйлемдерге қойылған тыныс белгілерінің әртүрлі қойылуына қарай мағналардың да әртүрлі боп беріліп тұрғандығын байқаймыз. Бұлар дауыс ырғағына байланысты айтылып тұрған тыныс белгілері, бірақ, олардың өздерінде де сөйлемнің мағналық жағы ең негізгі мәселе болып есептеледі.

Кейбір оқушылар әуелі сөйлемнің мағнасына түсініп алмайды да, тыныс белгісін сөйлемдегі қоятын жерге қоймай, қоюға болмайтын жерге қояды. Мысалы: Алматы қаласындағы 12-мектептің бесінші класының оқушысы Қ. «Қыстығүні шаңғы мен жүру де коньки тебу де балалар үшін көп қызғылықты болады және олардың денсаулығына, үлкен пайда келтіреді», — деп жазған.

Осы кластың оқушысы Г. қай жерде дауыс үздісі болса, сол жерге тыныс белгісін қоя берген. «Сабактан кейін, және үйге берген тапсырманы орындап болғаннан кейін, шаңғымен жүру, жай трамплиндерден секіру, коньки тебу, өте жақсы».

Кейбір тыныс белгілері бірінің орнына бірі жүреді. Бұған қарап кез келген тыныс белгілерінің бірінің орнына бірін ауыстырып қоя беруге болмайды. Мысалы, қос сөз арасына қойылатын белгі қысқа сызық (дефис), ал біздің кейбір оқушыларымыз қос сөз арасына үтір қойып жазады. Мысалы: сол мектептің VI А класының кейбір оқушылары «Қолын созып жерге қарап нұсқаса, барлығы да табанда үн-

сіз, тілсіз жата қалады» деп жазған. Кейбір оқушылар бірыңғай сөйлем мүшелерінің арасына сызықша қойып жазады: (Сен мен дәрі — дүлей күш пен өнер күші алысып жатыр). Осы тәрізді сөйлемнің бірыңғай мүшелері үнемі тек үтірмен ғана бөлініп жазылады.

Балалар, кімде-кім айқыш сөйлеп, кітапты дұрыс оқып білсе, сол адам өз айып қағаз бетіне түсіріп жазғанда, тыныс белгілерін орын-орнына қоя алады.

Тыныс белгілерін дұрыс қоя білмеген оқушы айтайын деген ойын жазғанда, дәл білдіре алмауы мүмкін. Сондықтан оқулықтарда тыныс белгілері туралы жазылған ережелерді жетік үйреніп, оларды жазуда дұрыс қолдана білу керек.


Тыныс белгілерін қате қою сөйлемнің мағнасын бұзады, мағнасы бұзылған сөйлем айтайын деген ойды білдіре алмайды. Сондықтан да тыныс белгілерін дұрыс қоя білу сауатты жазу үшін өте керек.

Ф. Мұсабекова

Алматыдағы шетілдері педагогикалық институтының аға оқытушысы.

Жалқау Мысық

Ел аузынан



Баяғыда бір мысық болыпты. Оның жалқаулығы сондай, тіпті көз алдында жорғалап бара жатқан тышқанды жүгіріп барып ұстауға ерінеді екен. Сондықтан да оны жұрт «Жалқау мысық» деп атап кетіпті.

Бір күні жалқау мысық жылы пештің үстінде «пыр-пыр» етіп ұйықтап жатып, тырсылдаған бір дыбысты құлағы шалып көзін ашса, бір бір үлкен тышқан қапты тесіп жатыр екен. Оны ұстауға ерінген жалқау мысық көзін қайта жұмып, рахаттана ұйықтап кетіпті.

Үйіне келген қожасы тесілген қапты көріп жалқау мысыққа: «Сен ақыр үйге келген ұрыны да ұстамайды екенсің, одан да мен сені тоғайға апарып тастайын» деп сақылдаған аязда тоғайға қаңғытып жіберіпті. Мұны көрген сауысқан: «Жылы жерде жатып өзіңнің тамағыңды ұстап жеуге ерінетін едің, енді тамақ тауып жей ғой» депті.



Жазып алған **Б. Әдетов**,
Талғар қазақ орта мектебі

Жас шеберлер

Юрий жасаған киім ілгіш

VII класс оқушысы Юра Мушин «Шебер қолдар» үйірмесі орналасқан бөлмеге келді де, кіреберіс жақтағы киім ілгіштің қасына барды. Ол киімін іліп жатып әдеттегісіндей бұл жолы да киім ілгішке қарап біраз тұрды. Осы бір сәтте алғаш рет киім ілгішті қалай жасағанын есіне түсті ме? Әлде киім ілгіштің бейне фабрикадан алынғандай шебер жасалғандығына іштей сүйсінгендіктен бе?... Юрийдің жүзі күлімсірей қалыпты. Юрийдің киім ілгіш жасаудағы тарихы шынында қызық екен. Бұл туралы оның достары қызыға әңгімелейді.

Досы Сәкен Юраны үйірмеге шақырыпты...

Юрий бөлмеге кіргенде жас шеберлер қызу жұмыс үстінде еді. Ортадағы қатар қойылған екі стол басында топ бала сүргімен ағаш жонны жатты. Бұларға қатарлас орналасқан токарлық станокта екі бала бір детальды жөндеп тұр. Одан әрі бірнешеуі арамен тақтай тіліп жүр. Осы көріністің бәрі Юраның көз алдына мастерскойды еріксіз саястетті. Әрқайсысы өз ісімен қызу шұғылданған балалар Юраға назар аудара қойған жоқ. Тек әлден соң бөлмеге досының келгенін жаңа байқаған сұңғақ бойлы, жұқа өңді бала Сәкен сүргісін қолына ұстаған бойы ұялыңқырап тұрған Юраға қарай жүрді.

— Дұрыс келдің. Жүр, үйірме жетекшісіне барайық, — деді Сәкен жадырай түсіп. Юра Сәкеннің қолындағы сүргісіне, байлап алған алжапқышына көз алмай тесіле қарап келеді. Міне екі дос көрші бір бөлмеге келіп кірді.

— Николай Михайлович, бізге жаңа бала келді. Екеуміз бір кластанбыз, — деді Сәкен үйірме жетекшісіне Юрийдің жайын баянап.

— Сабақ үлгірімің қалай? — деді жетекші Юрийге.

— Үштігім жоқ.

— Онда жақсы. Әйтпесе екілігі, не үштігі барларды үйірмеге алмаймыз...

Жетекші Юраға үйірмеге қатысуға рұхсат етті. Юра алғашқыда аспаптарды қалай ұстауды үйреніп жүрді. Үйірменің кезекті бір сабағында жетекші Юраға:

— Енді сен киім ілгіш жасап көр, — деп тапсырды.

Шынын айту керек алғашқыда Юра бұған комсығандай пішін көрсетті. «Осы да қыйын болып па?» — деп ойлады ішінен ол. Бірақ, ол ойлағандай іс жеңіл болмай шықты. Қалай тартса да сүргі ағашты оқыс жонып өзіне ырық

бермеді. Қанша тырысып бақса да, оның жонған ағашы көңілдегідей тегіс болып шықпады. Мұны сезген Сәкен:

— Қапаланба. Бірден орнына келе қоятын оңай іс жоқ. Кәне, сүргінді маған бер, — деді тағы да оған көмекке келіп. Сәкеннің қолында ұршықтай ойнаған сүргіге Юра қызыға қарады. Әлгідей емес, енді тақтай әйнек бетіндегі жып-жылтыр болып шықты. Анда-санда Сәкен қыймылын баяулатып:


— Сүргің ағашқа былай түссін. Күшке салма... Ең бастысы саспау керек... Сүргің бір қалыппен жатық жүріп отырсын, — деп қояды.

Енді бір жолы Юра станоктың қасына келді. Станокта бір бала ағаштан әлдеқандай бір деталь жонып тұр екен. Бұл Витя Калинин еді.

— Міне, Юра сенің шәкіртің болады, — деді оған Николай Михайлович күліп.

Юра ағаш сүргілеуді Сәкеннен үйренсе, сүргіленген ағашты жонуды Витядан үйренді.

Осылай арада бірнеше күн өтті. Юра жонылған тақтайларды құрастырып, оған ілгек орнатты да, оны бояды. Сөйтіп киім ілгіш толық әзір де болды. Николай Михайлович Архангель-



8-класс оқушысы Витя Калинин физика аспабын жасау үстінде. Суретті түсірген П. Редько


ский Юра жасаған киім ілгішті ұнатып:

— Жарайсың, — деді.

Бұл киім ілгіш шебер қолдар үйірмесі бөлмесіне орнатылды. Міне, қазір Юра киім ілгішке көзі түскен сайын оны жасау өзіне алғаш қалай қыйнағанын ойына алып күлімсірейді.

Сабақта және үйірмеде

Физика сабағы. Мұғалима Валентина Георгиевна Скуратова қатты, сұйық заттардың және



Оқушылар В. Исаков пен В. Супронов Магнито өлшегішті жасап отыр.

Суретті түсірген *П. Редько*

газдардың ұлғаюы туралы жаңа сабақ бастады. Класстағылар сабақ үстінде әртүрлі металл қыздырылғанда түрліше ұлғаятындығын білді. Қандай да бір қатты, сұйық заттардың, газдың белгілі ұлғаю коэффициенті бар. Балалар талай тәжірибе жасап көрді. Мыс, қалайы, темір пластинкалары қыздырылды...

— Металдан жасалған көпірлердің бөлшектерінің арасында неге саңлау қалдырылады? — деген сұрақ қойды сабақ соңынан Валентина Георгиевна «Шынында да оның себебі не екен?» деген ой класстағы әрбір баланы қызықтырды.

Келесі күні «Шебер қолдар» үйірмесінің кезекті бір сабағына келгенде де олардың ойында басы жұмбақ сыр тұрды.

— Темір көпір құрастырайық, — деп ұсыныс жасады біреуі.

Бұл ұсынысты класстағылар бір кісідей қолдады. Көпір құрастыруды класстағылар қызу қолға алды. Олар менгерген слесарьлық, токарьлық өнер пайдаға жақсы асты. Ваня Бисеров токарьлық станокта металл жонды. Оған болттар, гайкалар әзірлеу талсырылған еді. Енді біреулер көпір тіреуіштер жонды. Витя Кулькин, Станислав Мартынов Петя Кабановскийге көпір құрастыру талсырылды. Ұзамай көпір әзір де болды. Көпір макетін класқа әкелгенде Валентина Георгиевна оны көріп:

— Шебер жасалған, — деді риза болып. Ба-

лалардың жүзінде қуаныш, мақтаныш сезімі ойнады.

Тағы да бір аспап дайын

Айнала темір жол төселінген макет қасында топ бала тұр. Олар көз алдарындағы ғажайып машинаны қызыға қарайды. Игорь Марченко машина люгін ашты да спиртке малынған бір уыс мақтаны ішіне тастап, оған от қойды. Осы кезде трубадан көтерілген будақ-будақ түтін көрінді. Машина қазанында су қайнады. Осы-ақ екен дөңгелек рычағы қозғалысқа келді де, машина рельс бойымен ілгері қарай жылжып жөнелді.

VII кластықтар физика сабағында жылу қуаты туралы оқыған-ды. Бірақ, класта жылу двигательдерін көрсететін аспап жеткілікті болмады. Сондықтан да жас достар көрнекі құралдар құрастыруды ұйғарды.

— Орыс өнертапқышы Черепановтың паровозын жасайық, — деді бұл ұсынысты ең бірінші болып айтқандардың бірі Игорь Марченко. Үйірмеде тағы да жұмыс қызды.

Ұнаған өнер

Секен Оспанбеков мотоциклге отырды да, аяғымен моторды қозғалысқа келтірді. Бұдан кейін газ берді де, жолмен жұлдыздай аға жөнелді.

Балалар мотоциклді жүргізуді өткен жылдан бері үйрене бастады. Алғашқыда олар мотоцикл бөлшектерін оқыды. Одан кейін екі тактылы, және төрт тактылы двигательдің схемасымен танысты. Оларға физика сабағынан двигательдің құрылысы жақсы таныс. Сабақта алған білім үйірмеде пайдаға асты.

Бірде жүріп келе жатып, мотоциклдің бір аккумуляторды бекітетін винті сынды. Мотоциклетер үйірмесінің жетекшісі Никита Захарович Соколов қораптар ішінен қарап еді, винт бірақ табылмады.

— Сабақты келесі жолға қалдыруға тура келіп тұр, — деді жетекші, — өйткені бұл винтсіз мотоциклді жүргізуге болмайды. Осы кезде Витя Калинин орнынан тұрып:

— Рұқсат етіңіз, мен жасаймын, — деді.

Витя үйірме орналасқан бөлмеге келді де қолына бір бөлек металл алып станокқа тұра қалды. Кескіппен металл кесті. Витя циркульмен дәл өлшеп, бірнеше рет металлды егеп, жонды. Осыдан кейін оған резьба жасады. 20 минуттан кейін винт әзір де болды. Сөйтін, үйірме сабағы үзілген жоқ.

VII «Г» класындағылар шетінен шебер, — дейді мектептегілер олар туралы сүйсіне әңгімелеп.

М. Мамажанов.

Каганович ауданындағы 27-ер балалар мектебі.

Вьетнам пионерлері

Балалар, мен сендерге біздің алыстағы достілектестеріміз Вьетнамдықтар туралы айтпақшымын. Вьетнам республикасы мен ондағы еңбекшілер партиясы өз халқының бақытты өмір сүруі үшін барлық қолда бар мүмкіндікті пайдалануда.

Вьетнам жастарының делегациясы таяуда Совет Одағында болып қайтты. Олар Отанымыздың астанасы—сәулетті Москвада қонақтап, совет мектептерінде болды. Фабрика-заводтарды аралады. Делегацияның бір бөлігі Алматыға келді, бір азы даңқты Сталинград қаласына барып, Волга-Дон каналын көрді, екі өзеннің суында жүзді.

Вьетнам республикасы оңтүстік Қытай теңізінің жағасына орналасқан. Халқының саны 22 миллион. Вьетнам халқы ұзақ жылдар француз отаршыларының тепкісінде езіліп келді. Қазір олар өз елінің тәуелсіздігін қорғап, шетелдік басқыншыларға қарсы күресуде.

Вьетнам жастарының ішінде жас Батырлар көп. Олар — шетелдік басқыншыларға қарсы өз отанының тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы ұрыста ерлік даңққа бөленгендер. Жауға қарсы ұрыста үлкендерге Вьетнам пионерлері де үлкен көмек көрсетеді. Мына суретте Вьетнамдағы жас пионерка Ле Мынь Нуэт түсірілген, ол быйыл ғана он екі жасқа толды. Қазір бесінші класта өте жақсы оқыйды. Нуэт оқыйтын мектепті жау екі рет бомбалап бұзып кетті. Бірақ мектеп мұғалімдері мен оқушыла-

ры оны қайтадан жөндеп алды. Осы озағай құрылысшылардың алдыңғы сапында Нуэт болды.

Нуэтпен бірге суретке 15 жасар партизан Хуан Хоу Тху түсірілген. Ол бірінші дәрежелі медальмен наградталған. Совет Одағына келіп қайтқаннан кейін ол, өз өтініші бойынша, халық армиясы қатарына алынуға тиіс. Біз Тхудан медаль алу жайын сұрадық. Ол бізге мынаны айтты.

... 1952 жылдың декабрі еді. Бакза провинциясының үстінде соғыс жүріп жатқан. Дүшпан шабуылға дайындалуда. Шабуыл жасатпау үшін жаудың штабын жою керек болды. Командование бұл тапсырманы орындауға өз еркімен баратындарды жыйнады. Еріктілер қатарында Вьетнам жастары федерациясының мүшесі Тху болды. Ол бұл кезде өлім туралы ойлаған жоқ, әскери тапсырманы қалай орындауды ойлады. Тху айласын асырды. Ол қайыршыға ұксап киініп, дорбасына үлкенірек бір мина салып, үстіне күріш төгеді. Тху қайыр сұраған боп жүріп жау штабы тұрған үй маңына жетеді. Күзетшінің көзін ала бере штаб орналасқан бөлменің дәл орта кезіп ала минасын лақтырады. Мина жарылады. Оның ұшқыны Тхудың өзін де шарпыйды, ол есін тана құлайды, содан арғысын ол білмейді. Есін жыйнаған кезде Тху өзін госпитальда көреді, мина сынығы тиіп жараланыпты, оны халық армиясының бөлімдері аман алып қалыпты. Сөйтіп Тху тапсырманы ерлікпен орындайды, соның нәтижесінде жаудың 52 офицері мен солдаты өледі, штаб талқандалады.

Вьетнам жастарының ішінде мұндай ерлер аз емес. Зап ван Хыенг жас жағынан Тхудан үлкен. Денелі, екі иығына екі кісі мінгендей, байсалды мінезді, өз ісіне өзі сенімді жас жігіт. Кеудесіндегі жауынгерлік тәрт награда оның Отан қорғау жолындағы еңбегін баяндап тұрғандай.

Біз әңгімелесіп отырғанда солдат Хунь ван Лео қолына қағаз, қарындаш алып бірдемелер жазып жатты. Ол совет адамдарының бақытты өмірін, сәулетті Москвада, Алматыда, Сталинградта көргендерін жазды. «Сіздің елдің өмірін жазып суреттеу мүмкін емес» дейді ол. Хунь ван Лео күнделігін қолына ала отырып Совет Одағында көрген-білгендерін достарына баяндамақшы екен.



Вьетнам пионері Ле мынь Нуэт пен жас партизан Хуан Хоу Тху.

Д. Райымбеков

Қарындаш тышқанды қалай қорқытты?

В. Сутеев пен И. Винокуровтың сурет кітапшасы бойынша.

Бекет деген баланың бір жақсы қарындашы болды. Ол өзінің осы қарындашымен көп сурет салды.

Бір күні Бекет ұйықтап жатқанда оның әлгі қарындашы столдан сырғып жерге түсіп кетеді. Оны ешкім жерден көтере қоймайды.


Қайдан келгенін кім білсін, ойда жоқта қарындаштың қасына тышқан келді. Келді де, дәнеме айтпастан оны сүйрей жөнелді.

— Тоқта, сен мені қайда апарасың? — деді қарындаш тышқанға.

— Үндеме, мен сені ескеруіңіз тастамаймын. Өз ініме алып барамын.

— Мені інге апарып қайтесің?

— Не етуші едім, мен сені кеміремін, — деп тышқан қарындашты құшырлана тістеп кеп алды.



Қарындаш «ой-бай-ай!» деп қатты айғайлап жіберді. Оның ойбайлағанына тышқан мәз болып күлді.

«Бәрібір аямайды екенсің. Мен саған көрсетейін» деп ойлады қарындаш.

— Кемірудің керегі не?

Мен ағаштың ғой. Ағашты ешкім де жемейді. Сен кемірсең, мен сурет сала алмайтын боламын. Сурет салу қандай жақсы! Сен өзің сурет сала білесің бе? Ақылың болса, сурет салып үйрен, — деді қарындаш.

— Мен кеміруден басқа дәнемені де білмеймін. Сурет дегенің не өзі? Ондай нәрсені өмірімде көрген емеспін. Сөзді қой. Тезірек жүр. Менің тісім қышып барады.

Осыны айтты да, тышқан қарындашты сүйрей жөнелді.

— Түп, өзің түк білмейді екенсің ғой. Мені кішкене жіберші, мен саған суретті қалай салуды үйретейін.

— Жоқ, болмайды. Уақытым жоқ. Айттым ғой. Менің тісім қышып барады. Үнемі бір нәрсені кемірмесем, тіпті ұйықтай алмаймын. Сен осыны да білмейсің бе? — деп ашуланды тышқан.

Қарындаш ешнәрсе айтпады. «Мұның өзі түк түсінбейтін кеше екен», — деп ойлады да:


— Тек тісің қыштығандықтан емес, қарның да ашқан шығар, мен саған кәдімгі алманы көрсетейін бе? — деді қарындаш.

Мұны естігенде тышқанның құлағы елең ете қалды.

— Бағанадан бері босқа мылжыңдаранша, осыны айтсаң еді. Сені сүйрей-сүйрей өзім тіпті шаршадым. Кішкене дем алайықшы, — деп тышқан қарындашты жерге тас-

тай салды. «Енді менің алдыма алма келеді» деген дәнемен тышқан жайғасып отыра бастады.

— Бір кішкене ірімшік те бар еді. Оның өзі майлы сүттен жасалған қымбат бағалы ірімшік еді...



Тышқан қарындашты одан әрі сөйлетпеді.

— Менің саған беретін тыйным да жоқ. Ақша төлейді екен деп үміттенбе. Одан да, тағы-тағы нелерің бар? Осыны айт, — деп әекірді ол қарындашқа.

— Қыяр, сәбіздерім де бар еді, — деп күңк етті қарындаш.

— Міңгірлемей, енді соларыңды көрсетші.

Қарындаш асықпай-саспай ақ қағазға бір үлкен дөңгелек сызды.

— Мынауың, дәуде болса ірімшік болар!

Осы арада тышқанның аузынан сілекейі де шұбыра бастады.

— Мүмкін, ірімшік болса, ірімшік болар, — деді де, қарындаш әлгі үлкен дөңгелек-

тің ішінен енді екі кішкене дөңгелек салды.

— Батыр-ау, мұның ірімшіктің ойық жерінен айнымайды ғой. Өзің өте ақылды екенсің. Осының бәрін қалай біле бергенсің, — деп мақтады тышқан қарындашты.

— Мүмкін, мүмкін, сол сен ойлаған ірімшік болар — дей салды қарындаш.

Бұдан соң қарындаш алғашқы дөңгелегінен сәл ғана қыйғаштау алмаға ұқсас тағы бір дөңгелек сызды.

— Білемін, білемін! Мынауың нағыз алма. Өзінің иісі қандай болды екен, — деп тышқан алмаға ұқсас суретті түшіркене иіскен қойды.

— Мүмкін, мүмкін, мұның өзі алма болса, алма болар, — деді де қарындаш енді қыяр, сәбізге ұқсас сызықтар сыза бастады. Алғашқы дөңгелектің дәл төбесіне екі жерден екі құлақ сыяқты жапырақ орнатты. Сонда бұл дөңгелектің екі көзі ежірейіп, екі құлағы едірейіп, енді ол нағыз мысықтың басына ұқсап бара жатты.

Манадан бері ірімшік, алма, қыяр, сәбізден дәмелі болып тұрған тышқан енді:

— Ой, мынауың бузыла бастады, өзі кімге ұқсап барады! — деп шегіне берді.

Оның жайшылықтағы кіпкішкентай көзі осы арада мүлде бажырайып кетті.

Бұл екі арада қарындаш өзінің бағанадан бері сызған дөңгелектерінің арасын сызықтармен жалғастырып, иректермен әшексейлеп, бір тұтас дененің қалпына келтірді. Ашылып тұрған ауыз, тура қарап тұрған айбарлы көз де жасады. Сонда мысықтың кәдімгі үлкен көзі тышқанға қарап ежірейе қалды. Мұнымен де қоймай, қарындаш өзі салған суретіне енді екі мүрт орнатты. Тек сонда ғана:


— Ойбай-ау! Мынауың нағыз мысық болып кетті ғой. Бұл пәле қайдан келіп қалды! — деп тышқан өз ініне қарай зыта жөнелді.

— Я, бұл нағыз мысық, — деп қарындаш күліп қала берді.

Содан бері сол тышқан інінен шықпайтын болды. Ал, қарындаш осы уақытқа дейін Бекеттің қолында. Ол өзінің осы қарындашымен тағы да көптеген суреттер салды. Суретті сала-сала Бекеттің қарындашы таусылуға таяп та қалды.

— Кәне, сен де өз қарындашыңмен мысықтың суретін салшы, көрген сайып барлық тышқан атаулының зәресі ұшатын болсын.

М. Тиесов



Өзгерген өлке

Шілдеде шарлап аңызак,
Жошына күзде сыз өтіп,
Қысында боран азынап,
Ала алмай бойын түзетіп,

Жаңбырды бұлттан тіленіп,
Сағымды көзі жаудырап,
Жататын дала түнеріп,
Қаусаған шалдай қаудырап.

Тырнадай кешкен тізіліп
Талай жаз, талай күз өтті.
Жаңадан карта сызылып
Жас орман жонды күзетті.

Бауырын төсеп бұлаққа,
Бақшалар жайды жапырақ.
Жасарып жазғы шуақта
Егінжай болды атырап.

Қалың егін, көк орман
Көз жеткісіз көлемі...
Халқымыз біздің солардан
Партия ісін көреді.

С. Мәуленов

Картон

— Қалай өскен картобың, —
Бітік болып, Балғаным?
— Өскен жоқ қой, бұл тегін,
Байқа, қалай салғаның...

Балалапты бір түптен,
Үлкен доптай томпылып,
Күн мәпелеп,
Түн күткен...
Еңбек сүйер қол тиіп.

Шаршысындай дойбының,
Айқыштанған әдемі.
Қаптаған колхоз

ой-қырын

Қартопты көз көреді.

— Шаршы-ұялау бұл тәсіл,
Көптен өнім береді.
Құнары мол,

дәні асыл,

Қартоптар да өнеді.
... Өр-белесті өңгеріп,
Шықса картон таласа,
Құнары — асыл,

өзі өнік

Егісің қандай тамаша!

Жақан Сыздықов

В. ЧКАЛОВ

(Қаза тапқанына 15 жыл)



— Сіз байсыз ба?
— Я, баймын.
— Сіздің байлығыңызды неден көруге болады?

— Менің 170 миллионым бар.
— 170!!! Ол не ақша ма, әлде доллар ма?

— Жоқ, мен үшін жұмыс істейтін 170 миллион адам, сол сияқты мен де олар үшін жұмыс істеймін,— деген біздің заманымыздың асқан ұшқышы В. П. Чкалов, бір америкалық миллионерлерімен әңгімелескенде. Мұндай сөз нағыз совет патриотының аузынан ғана шығар болар!

В. П. Чкалов 1904 жылы 2-февраль күні Васильев селосында (қазіргі Чкалов қаласы) Горький облысында туады. Оның әкесі пароход жөндейтін мастерскоюде жұмысшы болып істейді.

В. П. Чкалов жасында өмірдің ауыр зардабын тартады. Бірақ оқудан қол үзбейді.

1920 жылы ол самолетті бірінші рет көреді. Самолет оны өте қызықтырады.

Содан бастап ол қайткенде де ұшқыш болуды арман етеді. В. П. Чкалов 16 жасында өзінің арманын жүзеге асыру мақсаты-

мен Нижне-Новгородтағы самолет мастерскойына өз еркімен жұмысқа кіреді. Бұдан кейін 1921 жылы В. П. Чкалов Борисоглеветегі ұшқыштар мектебінде оқиды.

Алғыр ойлы, қажырлы В. П. Чкалов алдына қойған мақсатына жетіп, самолеттің тегіні жақсы меңгеріп, екі жылда ұшқыш болып шығады.

В. П. Чкалов заводта жаңа шыққан самолеттерді сынаушы — ұшқыш болып қызмет істейді.

Асқан ерлігі үшін 1935 жылы ол Ленин орденімен наградталады.

1936 жылы үкімет Чкаловқа жаңа тапсырма береді. В. Чкалов бұл тапсырманы тамаша орындап шықты. Ол Москвадан УДД аралына шейін (қазір Чкалов аралы) самолетпен 9374 километрге алысқа ұшты. Осы ұшу сапарында көп қиыншылықтар көрсе де бәрін жеке білді. Алысқа ұшу сапарындағы ерлігі үшін оған Совет Одағының батыры атағы берілді.

1937 жылы июль айында В. П. Чкалов бір топ жолдасымен Москвадан солтүстік полюс арқылы Америкаға қонбай ұшу сапарына шықты. Бұл сапарда самолет 63 сағат 25 минутте, 10000 нан артық километр жер үстімен және 5900 километр мұхит, мұз үстімен ұшады.

В. П. Чкалов — совет авиациясын алға бастыруда творчестволық ізденуімен көп еңбек сіңірген даңқты ұшқыш.

Ол 1938 жылы 15 декабрь күні, жаңа самолетті сынап жүргенде қаза тапты.

Өзінің барлық күшін және білім-тәжірибесін В. П. Чкалов Отан мүддесі үшін, коммунизм ісіне жұмсады. Оның өмірі — совет халқына, партияға берілгендіктің, батырлықтың үлгісі.

Еліміздің асқан патриоты және даңқты ұшқышы В. П. Чкаловтың ерлік істерін совет адамдары әр уақытта мадақтап, оның есімін ешуақытта ұмытпайды.

Б. Манасбаев

Жауды аяған жаралы

Келе жатты бір мысық,
Шөп тасалап тырмысып.
Ұйқтап жатқан тышқан да
Көре сала тұрды ұшып.
Сүм мысық та тапты айла,
Салды ащы ойбайға.
Түсірсе қолға тышқанды
Қарыны бір тоймай ма.
Мысық айтты сол кезде,
«Сорлы болдым мен кезбе,
Мертігім, ашпын, жоқ шығар
Өлімнен маған енді өзге».
Құлаққа бұл сөз шалынды,
Аяды тышқан залымды.
Түсті өзі кеп қолына
Берем ден жүрін барымды.
Мысық күлім қағады,
Тышқан қайғыланады?
Қорлық болмас сақтықта,
Жауды аяған жаралы.

Абдрахман Асылбеков

Жамбыл станциясындағы Л. М. Қаганович атындағы 33-орта мектеп оқушысы.

Қызыл гүл

Хош иіс қызыл гүл бағымда —
Оны өзім өсірген мәпелеп —
Оқудан қайтып кеп, тағы да
Су беріп жатырмын еселеп...
Көріп қап келді әкем:

— Қарағым,
Әуре боп жатырсың несіне?
Дедім мен: — Оны ертең тағамын
Еңбектің ерінің төсіне.

З. Шүкіров

Арал станциясы.

Пионермін

Жас лениншіл пионермін
Жүрмін алғы қатарда.
Маман болып ертеңгі күн,
Қызмет етем Отанға.

Д. Шоқсаев,

Қостанай қаласы, Жамбыл мектебі.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыярабаев С. (редактор), Нұркатов А., Нұртазин М.

Технический редактор И. Соскин.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 23/XI — 1953 г. УГ09341. Бум. 84 × 108^{1/16} — 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 16 000. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1461.

723519

Капуста жыйнайтын машина

Ең қапуста қолмен жыйнағанды көрген боларсың. Жыйнаушы адам қапустаң қочанын кесіп, піспеген көк жапырақтарын өткізіп, қолмен тасып бір жерге үйеді. Бұл ауыр жұмыс қой.

Қолхозшылардың еңбегін жеңілдету үшін совет ғалымдары қапуста жыйнайтын жаңа машина ойлап шығарды.



Міне, қапуста өгісі далағына прицепі бар шынжыр табан трактор шықты. Трактордың оң жағына жаңа бір машина орнатылған. Трактор учасютты жағалап жүре бастады. Машина көшетке төмен түсірілді де, ол жер бетінен қочандарды суыра бастады. Жер-

ден алынған қочандар бірінің соқсынан бірі трактордың артындағы прицепке топылдап түсіп жатты. Машина он сағаттың ішінде екі гектар жердің қапустағы жыйнап үлгерді. Ал, қолмен істегенде бұл жұмысқа 25 адам керек болар еді.

Капуста жыйнайтын машинаны трактор алып жүреді. Машина қапустаң шеткі қатарының үстіңгі жағында тиер-тимес болып тұрады. Машинаның ең басты бөлімі — екі металл шаңғысы бар түтікші аппараты төмен түсіріледі. Машинаны басқарып отырған адам қапустаң өзегі жоғарыда айтылған екі шаңғының ортасына келетіндей өгіп бағыттайды. Трактор алға жүріп келе жатқандықтан әлгі шаңғылар қапустағы жерден суырып алады. Қатар орнатылған екі шынжыр қапустаң өзегін қысып алып, астаушаны бойымен аппаратқа қарай тартады. Аппараттағы дисктар қапустаң өзегін өтап тастайды. Қыйғаш астауы бар ерекше тетік қапустағы трактордың артындағы прицепке апарып салады.

Фтивазид

Туберкулез — емдеуге қиын ауру. Көптеген жылдар бүкіл дүние жүзі ғалымдары осындай ауыр дертке қарсы күресу жолында ем табу үшін талмай еңбек етіп келеді. Стрептомицин, ПАСК, тибон және тағы басқа сол сияқты дәрі-дәрмектер де табылған болатын.

Тазауда С. Орджоникидзе атындағы Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу химиялық-фармацевтік институты туберкулезге қарсы фтивазид деген жаңа дәрі шығарды.

Бұл дәріні шығару үшін ұзақ уақыт, қажырлы еңбек қажет болды. 640 қосындыға синтез жасалып, олардың туберкулез құртына әсері сыналды. Солардың ішіндегі ең жақсысы фтивазид дәрісі болды. Бұл дәрі туберкулез микробының тіршілік етуіне мүмкіндік бермейді де, адам организміне кесел келтірмейді.

Ауруханаларға өкпе туберкулезімен ауырған адамдарға қолданылғанда фтивазидтің емі күшті екендігі байқалды.

Фтивазид қолданғанда ауру адамның жалпы жағдайы тез жақсарды: адамның ыстығы түседі, қан құрамы жақсарды, жөтел де, қақырық та азаяды. Бұл дәріні ішкен аурудың асқа зауқы шауып, қоңая бастайды. Өкпенің нұқсан келген жері бітіп, әлсіз-әлсіз қозатын ауырғаны ба-сылады.

Бұл дәрі өкпе туберкулезіне ғана емес, сол сияқты көмекей және жоғарғы тыныс жолдарының басқа учасюттары туберкулезіне қарсы қолданғанда да жақсы нәтиже береді. Тыныс мүшелерінің ойылған жерлері бітіп, дауыс өз қалпына келеді.


Бұл дәріні ауру порошок немесе таблетка түрінде ішеді.

Дәріні шығару ісі әрі оңайға, әрі арзанға түседі.

ССРО денсаулық сақтау министрлігі бұл дәріні елімізде жаппай пайдалану ісін қолға алып отыр.

Шытырман

Мынау шытырманның жолдарымен ортаға өгіп көр. Бір өткен жолға қайта соғуға болмайды. Өткен жолындағы әріптерді ретімен жазып отыр. Егер дұрыс өте білсең, сол әріптерден Абайдың атақты бір өлеңінің екі жолы құралады.



Ойланбай жауап бер

1. Аяғынан мұрты ұзын не?
2. Жұмулы көзбен негі көруге бө-ляды?
3. Барлық тілде не сөйлей алады?
4. Теңізде қандай тасты табуға болмайды?

Жауап

«Пионер» журналының 1953 жылы 9-номерінде басылған кроссвордтың шешуі:

Тігінен оқығанда

1. Аврора. 2. Туядра. 3. Қурант. 4. Булақ. 5. Барто. 6. Алтай. 7. Се-дов. 11. Төгжап. 12. Мәншүк. 13. Ракета.


Көлденеңінен оқығанда

1. Артек. 8. Бұхара. 9. Қөлбеу. 10. Шахтер. 11. Тимур. 14. Уша-ков.


Дұрыс шешуін бірінші жібергендер:

- С. Алақова (Жаңа арқа ауданы),
С. Қожамжарова (Абай ауданы),
С. Пәубеков (Балқаш қаласы).

Өздерің жасаңдар




Төксе және оны жасау



Алтыбұрышты жасау



Фанарь жасау



Кытушка мен тбзғыннан
Бинобль жасау

